



САЯСИ ДЕБАТ
вице-президенттікке
үміткерлер додаға
түсті

ГЕОСАЯСАТ




**Иран-Израиль
қақтығысы:
ЗАРДАБЫ
АУЫР ЗОБАЛАҢ**

САРАПТАМА



**XXI ғасыр:
ӘЛЕМ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚСТАН**

МЕГАПОЛИС



РЕФЕРЕНДУМ – 2024

ОҢ ШЕШІМ

Орталық референдум комиссиясы дауыс берудің
алдын ала нәтижелерін жариялады



Еліміздің Орталық референдум комиссиясы жалпыхалықтық референдумда дауыс берудің алдын ала нәтижелерін жариялады.

Алынған мәліметтерге сәйкес, референдумға қатысуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны 12 миллион 284 мың 487 адамды құрады.

Дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар санының 7 миллион 820 мың 204 адамды немесе 63,66%-ын құрады.

Референдумға шығарылған мәселені оң шешуге дауыс берген азаматтардың саны 5 миллион 561 мың 937 адамды немесе 71,12%-ды құрады.

Ал ҚР Сыртқы істер министрлігі келтірген деректерге сәйкес, әлемнің 59 елінде дауыс берген Қазақстан азаматтарының жалпы саны 9 мың 976 адам, бұл – дауыс берушілердің 81,06%-ы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.election.gov.kz).

АЛМАТЫНЫ КӨРІКТЕНДІРУ ЕРЕЖЕСІ

Қалалық нысандарды төлқұжаттау басталды

Төлқұжаттаудың негізгі міндеті – кәсіпкерлерге іргелес аумақтарды көріктендіру бойынша жауапкершілік шегін анықтау. Алматының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының мәліметінше, барлығы 5590 кәсіпкерлік нысанды төлқұжаттау қажет. Қазір мыңға жуық кәсіпкер төлқұжатқа қол қойды. Төлқұжаттау жұмыстары келесі жылдың сәуір айында аяқталады.

БИЗНЕС ҚАНДАЙ НӘРСЕГЕ ЖАУАПТЫ?

Әрбір бизнес субъектісі көріктендіру төлқұжатын алуға және іргелес аумақты тиісті жағдайда ұстауға міндетті. Бұл меншік нысанына қарамастан барлық қатысушы үшін жауапкершілік жүктейді.

Аумаққа жауапты субъектілерге жеке және заңды тұлғалар, ПИК, МИБ, ҚС, сондай-ақ ғимараттардың меншік иелері және жерді уақытша немесе тұрақты пайдалану құқығы бар тұлғалар жатады.

Төлқұжат кәсіпкерлердің іргелес аумақтарды және нысандардың қасбетін тиісті жағдайда ұстау мәселесіндегі әлеуметтік жауапкершілікті арттырады.

Ғимараттардың және құрылыстардың иелері қасбеттердің уақытылы жөнделуі мен сырлануына, олардың тиісті күтіп ұстау мен пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті. Сондай-ақ, қасбеттердегі ескерткіш тақталарды, көше көрсеткіштерін (тұйық көшелер мен алаңдарды қосқанда), нөмірлік белгілерді, мандайшаларды және ақпараттық тақталарды таза әрі жарамды жағдайда ұстауға тиіс.

Тағы бір маңызды нәрсе – қыс кезінде ғимараттар мен құрылыстардың иелері қар мен мұзды шатырдан тазарту жұмыстары басталғанға дейін тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың иелерін 24 сағат бұрын хабардар етуге міндетті.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

8.10.2024

Түнде: +9+11 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +21+23 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

9.10.2024

Түнде: +9+11 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +21+23 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

10.10.2024

Түнде: +13+15 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +23+25 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

91 772223 237006

ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

САЯСИ ДЕБАТ


Вице-президенттікке үміткерлер додаға түсті

АҚШ-та 5 қарашада күллі әлем көз тіккен сайлау өтеді. Америкалықтар ел президентін таңдайды. Басты үміткерлер Республикалық партия өкілі Дональд Трамп пен Демократиялық партия мүшесі Камала Харрис. Сайлаудың қорытындысы Америка Құрама Штаттарының ғана емес, халықаралық саясаттың да даму бағытын айқындайды. Жақында екі үміткер саяси дебатқа түскен болатын. Ал 1 қазанда олардың серіктестері вице-президент лауазымы үшін дебатқа түсті.

Көшбасшы мүддесі үшін күрес

Бұл жолы да саяси дебатқа түскендер екеу. Республика партиясының өкілі Жеймс Венс пен оның қарсыласы, демократ Тим Уолз бақ сынады. Дебатта екеуі партия көшбасшыларының мүддесі үшін күресті. Ендеше, олардың өмірбаяны мен саяси мансап жолына тоқталайық.

Жеймс Венс Республика партиясының мүшесі әрі Огайо штатынан сенатор. Биыл шілдеде Дональд Трамп оны өзінің вице-президенті ретінде жариялады. Ол 1984 жылы дүниеге келген. Қарсыласынан 20 жасқа кіші. Саяси жолға салыстырмалы түрде кеш түскен. Сондықтан тәжірибелі саясаткер дей алмаймыз. 2021 жылы саясатқа бет бұрды. Алғашқы қадамын сенаттан бастады. Саясатқа араласу, сайлауға түсу мол қаржыны талап етеді. Алайда, Венске бұл қиындық тудырмады. Себебі, ол да Дональд Трамп секілді кәсіпкерлік саладан саясатқа келген. Дегенмен, алғашқы жолда оған бизнес серіктестері қолдау көрсетті. Саясатқа қадамы құтты болғанымен уақыт өте келе саяси көзқарасы



(Депеңкөз: Matt Rourke/AP).

өзгеріп, партия көшбасшысы Трампқа қарсы болды. Бірақ уақыт өткен сайын партия көшбасшысының сенімен еніп, оны қолдай бастады. Трамптың Венсті мойындауы оның саяси жолын ашып, сенатқа сайлауда жеңіске жетуге себепші болды. Бұл классикалық патрондық-клинеттік жүйенің үлгісі екенін айта кеткен жөн.

Венстің қарсыласы Тим Уолз – Демократиялық партия өкілі. 1964 жылы дүниеге келген. Саяси оппонентіне қарағанда тәжірибелі. Миннесота штатының губернаторы. Басым көпшілік демократтар секілді орта таптан шыққан, әрі сол таптың өкілі. Ұзақ жылдар бойы мемлекеттік секторда жұмыс істеген. Мемлекеттік мектепте мұғалім, АҚШ ұлттық гвардиясында, құрлық әскерінде қызмет еткен. 2019 жылы Миннесота штатының губернаторы атанды. 2005 жылы саясатқа бет бұрып, Конгреске сайлауға түсті. 2006 жылы республикалық қарсыласын жеңіп конгресмен атанды. Сөйтіп, ұзақ жыл

лауазымды қызмет атқарып, зейнетке шықты. Алайда, мұнымен саяси мансабын аяқтаған жоқ. 2022 жылы қайтадан губернатор атанды. Сайлауда жеңіп шықты.

Қандай мәселе көтерілді?

Америкалық БАҚ Жеймс Венс пен Тим Уолз арасындағы саяси дебатты іш пыстыратын шоу деген пікірді таратуда. Тіпті, америкалық сарапшылар да осы ойда екен. Шынында да, мәселеге үңіліп қарайтын болсақ, бұл пікірдің жаны бар екенін түсінеміз.

CBS студиясында өткен дебатта вице-президенттікке үміткерлерге қойылған бірінші сұрақ Таяу Шығыстағы жағдайға қатысты болды. Жүргізушілер мынадай сұрақ қойды: «АҚШ – Израильдің ең тығыз және маңызды серіктесі. Америка Израильдің Иранға қарсы соққысын қолдайды ма?». Иранның Израильге 180-нен астам зымыран атқаны бәрімізге мәлім. Оған дейін Ливанда

әскери оқиғалар орын алған болатын. Ал 7 қазанда Израиль мен ХАМАС арасындағы әскери-саяси дағдарыстың басталғанына тура бір жыл өтті.

Вице-президенттікке үміткерлердің екеуі де бұл сұраққа тікелей жауап беруден бас тартты. Тікелей жауап берудің орнына демократ Уолз әлемдегі жағдай тұрақсыз болған тұста Трамптың билікке келуі қаншалықты қауіпті екенін айтты. Венс керісінше Трамптың әлемдік аренадағы пікірді кез келген қауіпті әрекеттердің жолын кесуге арналған тиімді шараларды халықаралық тәжірибеге енгізгенін айтты.

Сыртқы саясаттағы келесі басты мәселе – Украина дағдарысына келгенде екі тарап та ашық диалогқа келмеді. Бұған қарағанда, президенттікке үміткерлердің саяси беделіне нұқсан келтіретін пікірді айтудан сақтанған болуы керек. Бұдан бөлек экономикалық реформа және аборт дауы бойынша пікір таластырды. Экономикалық реформа мәселесінде Венс Харриске шабуыл жасау мақсатында, республикашылдар жиі қолданатын аргументті пайдаланды. Оның сөзінше «орта сыныпты қайтадан аяққа тұрғызу жоспары жаман емес сияқты, бірақ, неге соңғы үш жарым жылда ол бұл жоспардың ешқайсысын іске асырмады?», – деп сұрады Венс. Бұл сұраққа Уолз тікелей жауап бере алмады.

Экономикамен қатар америкалық сайлау науқанының бас тақырыбы – аборт дауы. Трамп пен Венс бұл мәселеге қатысты заңдарды штаттардың өздері қабылдауын қолдайды. Ал Харрис пен Уолз керісінше тұратын жеріне қарамастан бұл мәселе мемлекеттік деңгейде шешілуі тиіс деген пікірде. Уолз бұған дейін болған қайғылы оқиғаларды тізіп шығып, олардың алдын алуға болатынын айтты. Сондықтан да демократтар әйелдердің өз бетінше шешім қабылдау бостандығын қолдайтынын мәлімдеді.

Кейбір сарапшылар Жеймс Венстің дебатта сәл де болса басымдыққа ие болғанын айтуда. Алайда, бірқатар сарапшылар екі ойлы болып тұрған сайлаушыларға бұл дебат әсер етпеді деген пікірде.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ГЕОСАЯСАТ

Иран-Израиль қақтығысы:

ЗАРДАБЫ АУЫР ЗОБАЛАҢ

Осыдан тура бір жыл бұрын Таяу-Шығыс тыныштығы түбегейлі бұзылған болатын. Яғни былтыр, 6 қазанда Газадағы ХАМАС қарулылары Израиль территориясына басып кіріп, әскерилер мен бейбіт тұрғындарға шабуыл жасаған еді. Бұл әрекеттің зардабы ауыр зобалаң болғанына да, болатынына да әлем куә. Бір жылдан кейінгі жалпы картинадан қарайтын болсақ, бұл оқиға тұтас аймақты қақтығыстың қанды шеңгеліне тартқандай көрінеді. Ал қазіргі жағдай мүлде басқа, әлем назары Газадан – Ливанға, енді міне Иран мен Израиль ортасына ауып тұрған шақ. Аймақтағы жағдайды үнсіз бағып, тек үркіту-қорқытумен шектеліп келе жатқан Иран жақында ғана Израильге қарата екінші мәрте зымыран шабуылын жасады. Осыдан кейін күллі әлем ауқымды қақтығыстың қаупін шындап сезінді.

Иран-Израиль тақырыбына тоқталмасқа шара жоқ. Дүниенің шырайы құбылып тұрған шақта шамырқанған екі елдің арасында от тұтанып кете ме деген алаңдаушылық қай елде болмасын бар. Егер бұл екі ел арасында соғыс бұрқ ете қалса, біздің аймақ та оның әсерінен тыс қалмақ емес. Сондықтан да осы бір тақырыпты тереңдей қаузап, бірқатар елдің сарапшыларының пікірлерін шолдық. Оған қоса отандық сарапшылардың пікірін де сұрадық.

Израиль жауабы қандай болмақ?

Өз территориясына тікелей шабуылға қарсы Израильдің үнсіз қалуы мүмкін емес. «Еруліге қарулы» жауап қылу Израиль мемлекеті құрылғаннан бері орныққан позиция. Оның үстіне қазіргі премьер-министрі Нетаньяху бұл ұстанымды тіпті шыңдай түсті. Ол зымыран шабуылынан кейін Иранға қаратқан мәлімдемесінде де осыны қайталаған. Сондықтан Израиль жауабы болмай қалмайды. Тек ол қай деңгейде болады деген сұрақ маңызды. Өйткені, Израильдің келесі жауабына қарай отырып, аймақта ауқымды соғыстың болатын-болмайтынын қазіргіден де анығырақ болжай аламыз. Егер Израиль Иранның талмау жерінен соққы беріп, ИИР режиміне өліспей бітіспестігін көрсетсе, оның соңы даусыз қарулы қақтығысқа бастайды. Ал тактикалық қадам жасай отырып, ел ішінде Тегеранның

қазіргі билігіне тым қауіп келтірместей деңгейдегі жауап болса, онда Иран өзін барынша сабырлы ұстап, уақыт ұтуға тырысуы мүмкін. Бірқатар халықаралық басылымдардағы сарапшы пікірлері Иран барынша уақытты созып, өзіне ыңғайлы позицияға шығуға тырысады дегенге саяды.

Америкалық танымал басылымдар Израиль Иранның ядролық нысандарына соққы беруі ықтимал деген мәліметтерді жазып жатыр. Бұл ықтималдылықты жоққа шығаруға болмайды.

Израиль осыған дейін де Иранның ядролық нысандарында апатты жағдайға соқтырған операциялар жасады деп айыпталып келген. ХАМАС басшысы Исмаил Ханияның Тегеранда, тіпті жаңа президенттің инаугурациясы кезінде өлтірілуінен-ақ Израильдің мұндай арнайы әрекеттерге қабілеттілігін тану қиын емес.

Иран соғысты қалай ма?

2 мың шақырым қашықтықтағы Израиль жеріне зымыран соққысын жасау арқылы Иран да өзінің аймақтағы қуатты елдің бірі екенін көрсете алды. Дегенмен, Бұл Иранның түбегейлі білек сыбанып, «келсең кел» дегенін білдірмесе керек. Ең алдымен зымыран шабуылының қалай жасалғанын талдап көрелік. Шабуылдан бұрын Тегеран жағы АҚШ-қа әуе шабуылын жасау шешімдері туралы хабар берген деген мәліметтер тарады. Бұл АҚШ өзі қолдап келген Израильге алдын ала хабар беруге үлгеру үшін жасалған қадам деген пікірдің жаны бар. Осылайша Израиль өзіне бағытталған әуе шабуылынан бірнеше сағат бұрын хабар алып, оған тыңғылықты дайындалып үлгерген.

Бұған қоса, шабуылдың зардаптары ел күткеннен әлдеқайда аз болды. Иран мақсатты түрде елсіз, аса маңызды емес нысандарды таңдаған деген де пікірлер бар. Ал шабуылдан кейін Революция сакшыларының ресми өкілі жасаған мәлімдемеді де, өзге ресмилердің сөздерінде де «Иран соғысты қаламайды» деген сөз жиі ұшырайды. Бірақ осының бәрі Иран мен Израиль өзара бейбітшілікке, татулыққа ұмтылады дегенді білдірмейді. Қолынан келсе, осы екі елдің қай-қайсы да екіншісін мүлде тұқыртып алғысы келеді. Өне сондықтан жинақтай келе, Иран жанжалдың аймақтың соғысқа ұласуын қаламайды, кемінде өзінің тыңғылықты дайындығы аяқталғанға дейін Израильмен тікелей соғысудан барынша сақтанады, әрі бұл Иранның ядролық мүмкіндіктерінің қазіргі деңгейіне байланысты болуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады.

«Ядролық мүмкіндік» деп отырғанымыз тек жорамал ғана екенін айта кетейік. Өткен аптада Құрама Штаттар Ирандағы ядролық қаруға ие болу жолындағы талпыныстарының бар екенін жоққа шығармады. Израиль сынды ядролық қаруы бар

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрат ІЛИЯС,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Шығыстану факультетінің аға оқытушысы:

«ӘРЕКЕТ СИМВОЛИЗМІ»

Бірінші міндет айқын – ең алдымен, аймақтағы өз жақтастарына Иранның Израильден қорықпайтынын, «қағаз жолбарыс» емес екенін жэне еврей мемлекетіне жауап беруге дайын екенін көрсету. Израильге келген шығын тағы да аз болған сияқты. Бұл ирандықтардың құрбандарды болдырмау үшін арнайы нысаналарды таңдауымен байланысты болуы мүмкін. Яғни Иран тағы да (сәуірдегідей) зияны жағынан оның мазмұнына емес, әрекеттің символизміне сүйенді. Алайда, сәуірдегі ереуілмен салыстырғанда, Израильдің әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесі арқылы көптеген зымырандар өтті. Демек, бұл жерде тағы бір маңызды сигнал бар – егер Израиль ишеленісу жолын жалғастыра берсе, онда оны ешбір Темір күмбез құтқара алмайды, ал келесі соққы енді соншалықты таңдамалы болмайды.

Қорытындылай келе: Иран өзін ұтымды ойыншы ретінде ұстауды жалғастыруда, бет-әлпетін жоғалтпауға, сонымен қатар Израильмен тікелей қақтығыс басталатын шекарадан асып кетпеуге тырысады. Басты сұрақ: еврей мемлекеті мұндай ұстамдылықты бағалай ала ма?

елмен салғыласу үшін Иран оған жетекабыл мүмкіндікке ие болмай тұрып, барлық әрекеттерінде сактық жасары анық.

АҚШ позициясы

Израильдің табанды қолдаушысы екеніне қарамастан, тап қазірдің өзінде АҚШ Таяу-Шығыста өрт шығуына қарсы. Бұған елдегі сайлау науқанының жақындап қалуы да себеп. Сайлауға үміткер қос тараптың қай-қайсы да маңызды саяси науқан тұсында өзінің стратегиялық жүрістері жүріліп жатқан аймақта соғыс болуын қалап отырған жоқ. АҚШ-тың Британиямен бірлесе отырып, Израильді қорғау үшін белсенді әрекет етіп отыруы да, Иранның кез келген шешімін баяулатады. Ал сайлау өткеннен кейін де орныққан жаңа үкімет өзінің аймақтағы және әлемдегі негізгі ойыншы рөлін берік сомдау үшін қақтығыстарды барынша азайтуға күш салады. Міне, осыған дейін Израиль өзінің түпкілікті мүдделерін қамтамасыз етуге жол ашып алуға тырысып жатқандай. Тақырыпты толықтыру үшін отандық сарапшы пікірін ұсынуды жөн көрдік.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

XXI ғасыр:

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

Еліміздің көпвекторлы сыртқы саясаты
тиімділігін дәлелдеуде

Биыл жаһандық қауіпсіздік тұғыры жаһан аймақтары бойынша шайқалып тұр. Таяу Шығыстан бастап, Шығыс Еуропа, Азия тынық мұхиты аймағында халықаралық заңнамалар өрескел бұзылып, халықаралық ұйымдардың ықпалының әлсірегеніне куә болып отырмыз. Кэмбридж университеті жанындағы Беннет қоғамдық саясат институтының зерттеуі бойынша, Украинада, Таяу Шығыстағы жергілікті қақтығыстар тұтастай алғанда әлем елдерін жекелеген ұстанымдары бойынша екі топқа бөлуде.

Зерттеу аясында 137 елден 30-дан астам сауалнама мәліметтері жинақталып, талдау жасалған. Нәтижесі – жаһан жұрты әлемнің күллі аймақтарындағы қақтығыстар мен соғыстарда белгілі бір тарапты қолдайды, бұл жаһандық бірегейлік әлсірегендігін көрсетеді. Соңғы апталарда Таяу Шығыста қақтығыс дақпырты артып, Иран мен Израиль арасында ашық соғыс жүруде. Жаһандану қарсаңында әлемнің қандай да бір бөлігіндегі тұрақсыздық, ақпараттық, экономикалық логистикалық сипатта әлемнің барлық аймағына жанама түрде тез ықпал етуде. Мақаламызда жаһандық алып державалардың блоктарға бөлінуін, сондай-ақ Қазақстанның бағыты мен ұстанымын талдап көрелік.

Украина
жерінде соңғы
екі жыл бойына
жүріп жатқан әскери
қақтығыс, жергілікті
халықты ғана емес, тұтас
батыс жұртшылығын ортақ
мақсат аясында біріктірді.
Қазақстан Еуразия даласында
өркениеттер тоғысындағы ел
ғана емес, әлемдік саяси мүдделі
топтардың бейтарап
келісімге келетін
дипломатия
астанасына
айналды.

Заң үстемдігі –
ортақ құндылық

Әлемнің түкпір-түкпірінде халықаралық саясатқа деген қоғамдық көзқарастар екі қарсы блокқа бірігуде: бірінші тарапты – батыстық идеялар төңірегіне біріккен елдер, екінші тарапты – батыстық емес баламалы даму жолын таңдаған елдер құрап отыр. Соңғы жылдары Қытай мен Ресейдің Африкадағы, Таяу Шығыстағы ықпалы мен белсенділігі арта түсті. XX ғасырдың екінші жартысында, қырғибақ соғыс қарсаңында мемлекеттер капиталистік немесе социалистік даму жолы бойынша блоктарға бөлінсе, XXI ғасыр мемлекеттерін идеяға қарағанда, қауіпсіздік мәселесі идеяға алаңдатуға. Сан жылдаған тарихи даму процесі көрсеткендей, әрбір кезеңде тұтанған әскери қақтығыстар әлем халқын түрлі пікірлер мен ұстанымдар аясына бөлетінін бағамдауға болады.

Соңғы жылдары Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс барысында Еуразия даласындағы геосаяси жағдаят біршама өзгеріске ұшыраса, бүгінде Таяу Шығыстағы Иран мен Израиль арасындағы қақтығыс жаһандық алып саяси күштер арасындағы бөліністі тіптен алшақтатуда.

Жаһандық қақтығыстар –
күрмеуі күрделі мәселе

Екі жыл бұрын, 2022 жылдың ақпан



(Дереккөз: www.midjourney.com).

айында Ресейдің Украинаға басып кіруі тұтастай жаһандық ақпарат құралдарын шарлаған тосын ақпарат болғанына қарамастан, әлем жұрты қақтығыстың екі жылдан астам уақытқа созылатынын күтпеген еді. Осы мезетке дейін тараптар арасында бірнеше рет дипломатиялық, саяси келіссөздер болғандығына қарамастан, екі тарап та батыл шешім ұсына алмай келеді.

Жалпы, XXI ғасырдағы мемлекеттер арасындағы әскери қақтығыстардың ортақ тұсы: мүдделі тараптар санының көп болуында. Ресей мен Украина арасындағы даулы мәселе де осы тұжырымды дәлелдеп тұрғандай. Себебі, қос тарап арасындағы мәселенің ортақ шешімге келуіне мүдделі бірнеше тараптардың қарама-қайшылық пікірі мен мүддесін бірегейлендіру тіптен қиын.

Сәйкесінше, нақты қақтығыс бойынша қолдайтын немесе қарсы тараптар саны артқан кезде, аймақтық және жаһандық деңгейде бөлініске, коалициялар мен блоктардың қалыптасуына негіз болып отыр.

Украина АҚШ және Еуропа Одағының үздіксіз қолдауын алғаннан кейін соғыстың ұзаққа созылатыны айқын болды. Осы тұрғыда Ресей Батыспен қарым-қатынаста ымыраласудан бас тартып, батыстық емес елдерді өзіне жақын тартып, жаңа әлемдік тәртіп орнатуға тырысуда. Бұл Ресейдің сыртқы саясатының қазіргі таңдағы ерекшелігі десек болады. Ресейдің мемлекеттік мүддесі мен сыртқы стратегиясын негіздей отырып, қазіргі Украинадағы соғысты былайша топшылауға болады: біріншіден, Еуразия құрлығындағы геэкономикалық мүдденің шиеленісуі. Екіншіден, АҚШ-қа қарсы гегемония туын көтеру үшін бастама жарияланып, көпполярлы күштердің бәсекесін арттыруға тырысу.

Бір ай бұрын Ливан мен Сириядағы пәйджер жарылысы, ізін ала Иранның Израильге қарата 200-ден аса әуе зымыранын жіберуі бүгінде Таяу Шығыста тұрақсыздық қалыптастырып отыр. Таяу Шығыстағы қақтығыстың тарихына қарайтын болсақ, бұл бүгін немесе кеше басталған дүние емес,

оның тарихы тереңде жатыр және оған көптеген факторлар әсер етуде. Негізгі себептің бірі – геосаяси жағдай. Бұл өңірде өте көп мүдделі топтар барын түсінуіміз керек. Байқап отырғанымыздай, Украина жеріндегі қақтығыс пен Таяу Шығыстағы қақтығыстың ортақ тұстары бар. Ол біріншіден, мүдделі тараптардың күрделі, әрі қарама-қайшылық болуы болса, екіншіден екі тарапта да кво мәртебесінің және оны өзгертуге ұмтылушы тараптардың бар екендігі.

Үшіншіден, халықаралық саясаттың мыңдаған жылдар бойына жалғасып келе жатқан заңдылығына сәйкес, қандай да бір қақтығыс уақытылы шешілмесе, ол келесі бір қақтығысқа негіз болады. Таяу Шығыстағы қақтығыстың күрделеніп, ортақ шешімінің бізден алыстай беруінің бір себебі, соңғы екі жыл бойына Украина жеріндегі қақтығысқа әлемдік қауымдастық тарапынан қажетті, ұжымдық шешімнің ұсыныла алмауында.

Еліміз үшін Украин жеріндегі де, Таяу Шығыстағы да қақтығыстардың барлық тарап үшін тиімді шешімін табуы геосаяси тұрғыдан өте маңызды. Қазақстан Еуразия даласында көпвекторлы сыртқы саяси бағыт қалыптастырып, барлық тараптармен тең деңгейде қарым-қатынас орнықтырған ел. Қазақстан блоктарға қосылмай, кез келген жаһандық мәселеге дипломатия күшімен шешім ұсынып отырған бірегей ел болып отыр. Сәйкесінше, бүгінгі таңда әлем елдерін біріктіретін жалғыз идея – бұл халықаралық ұйымдардың ықпалын арттырып, заң үстемдігін қалыптастыру.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.
«Тұран»
университеті.



ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

ӘЛЕУМЕТТІК
ТӨЛЕМДЕР

алу үшін өтінішті үйден
шықпай-ақ беруге
болады

Жұмыс істейтін халықтың мүддесін қорғау мақсатында міндетті әлеуметтік сақтандырумен әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайларда еңбекке қабілеттілігінен; асыраушы-сынан; жұмысынан айырылу; жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу; бала бір жарым жасқа толғанға дейін күтіміне байланысты кірісінен айырылуы жағдайларына әлеуметтік төлемдер көзделген.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан тағайындалатын әлеуметтік төлемдердің мөлшері әр қатысушыға жеке есептеледі және қорға әлеуметтік аударымдардың уақытылы және толық төленуіне тікелей байланысты болады. Айта кету керек, әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, жұмыс берушілердің немесе дара кәсіпкерлердің өз қаражаты есебінен төленеді.

Осыған байланысты әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде қор жүйесінің қатысушыларына әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш жасамас бұрын қорға нақты түскен әлеуметтік аударымдарды тексеруді ұсынады. Аталған ақпаратты электрондық үкіметтің eGov.kz порталы арқылы немесе екінші деңгейлі банкілердің мобильдік қосымшалары, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының (ХҚКО) бөлімшелеріне немесе қордың филиалына жеке басын куәландыратын құжатпен жүгіне отырып алуға болады.

Цифрлық технологиялардың дамуымен әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін жүгінудің рәсімдері жеңілдетілді. Қазіргі уақытта өтініш беруші мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтері жоқ құжаттарды ғана ұсынады. Қордан әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін дәстүрлі түрде ХҚКО арқылы да, үйден шықпай-ақ электронды түрде де жүгінуге болады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтерді проактивті нысанда көрсету өзекті болып отыр, оның ішінде Отбасының цифрлық картасы арқылы, атап айтқанда, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде тиісті мәліметтер болған кезде жүйеге қатысушыға төлем алу құқығын іске асыру туралы «1414» Бірыңғай байланыс орталығы арқылы смс-хабарлама жіберіледі. Смс-хабарламаға келісім алған жағдайда төлем проактивті түрде тағайындалады.

Төлемдерді тағайындау кезінде қордың филиалдары құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеретінін атап өткен жөн. Осыған байланысты әлеуетті алушылардың мүдделерін қорғау мақсатында, әлеуметтік аударымдардың уақытылы және толық төленбеген, сондай-ақ төленген әлеуметтік аударымдар сомаларының міндетті зейнетақы жарналары аударылған қызметкердің кірісіне сәйкес келмеген жағдайда қор электронды іс макетін жете ресімдеуге жібереді. Осындай жағдайларда төлемдерді тағайындау мерзімі 30 жұмыс күніне дейін ұзартылып, мемлекеттік кірістер органдарынан қосымша мәліметтер және (немесе) жұмыс орнынан түскен кірістер туралы анықтама және т.б. құжаттар талап етіледі.

Тақырыпқа орай айта кетейік, Алматы қаласы бойынша биылғы 8 айда жүйенің 898 мың қатысушысы үшін 10,5 млрд теңге сомаға әлеуметтік аударымдар түсіп, 64,5 мың адам 8,5 млрд теңге сомаға әлеуметтік төлемдер алды.

БЛИЦ-БРИФИНГ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МЕМЛЕКЕТ КЕЛЕШЕГІ –
ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Президент орталығында орналасқан №211 референдум учаскесіне барып, АЭС құрылысына қатысты республикалық референдумда дауыс берген Мемлекет басшысы өз таңдауын жасағаннан кейін отандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізіп, журналистердің сауалдарына жауап берді.

• «Референдумнан қандай нәтиже күтесіз?».

– Референдум – тікелей демократияның өте тиімді тетігі. Халқымыз қандай шешім қабылдаса, мемлекетіміздің түпкі байламы да солай болады. Нәтиже оң болады деп ойлаймын. Шын мәнінде, бұл – тағдыршешті оқиға. Сондықтан мен референдумды қолдаймын.

• «Референдум қорытындысы бойынша халқымыз АЭС салуды қолдаса, оның құрылысын қай ел жүргізеді?».

– Бұл – оңай мәселе емес. Үкімет талдау жасап, тиісті келіссөздер жүргізуге тиіс. Менің пікірімше, Қазақстанда ең озық технологиялары бар әлемдік компаниялардан құралған халықаралық консорциум жұмыс істеуі қажет. Қалғанын уақыт көрсетеді.

• «Биыл көктемдегі алапат су тасқынынан кейін қандай қорытынды жасалды?».

– Тиісті қорытынды жасалды. Мұндай табиғат апаты бүкіл жер шарында орын алып жатқанына баса мән беруіміз керек.

Жақында ғана Орталық Еуропада алапат тасқын өтті. Оның алдында АҚШ пен Вьетнамда дауыл болды. Сондықтан мұндай апаттарды алдын ала болжау қиын. Дегенмен, ондай жағдайға дайын болып, қажетті шаралар қабылдау маңызды. Қазақстан ешкімнің көмегінсіз тасқынның салдарын еңсере алды. Мұны ашық айту керек. Біз адам және қаржы ресурстарын осы іске жұмылдырдық. Үкімет пен әкімдер белсенді жұмыс істеді. Оның нәтижесін көріп отырсыздар. Алапат тасқын кезінде зардап шеккен азаматтар жаңа баспанамен қамтылды. Мен бұған дейін ешкім назардан тыс қалмайды деп уәде бердім. Жалпы алғанда, біз бұл мақсатты орындадық.

• «Халықаралық додаларда жеңіске жеткен жастарды үнемі қолдауыңыздың мәні неде?»

– Мәні терең. Себебі, мен жастарды қолдаймын. Мұны үнемі айтып келемін. Мемлекетіміздің келешегі – жастардың қолында. Ол жәй ұран емес. Бұл – біздің басты саясатымыз. Сондықтан келешекте де біз жастарды қолдаймыз. Оларға жәр-

дем береміз. Әсіресе, дарынды жастарды қолдауымыз керек. Кеше ғана мұғалімдерге, ұстаздарға марапат табыстадым. Өз сөзімде мұғалімдер бұл қоғамымыздың озық тұлғалары екенін айттым. Олар дарынды жастарға білім беріп жатыр. Сондықтан жастарды да, оларды оқытып жатқан мұғалімдерді де мемлекет қолдайды. Сонымен қатар, мен кеше ғана ұстаздар қоғамымыздың басты кейіпкері болуы керек екенін айттым. Сондықтан оларға жәрдем беріп, ұстаздардың беделін, қоғамдағы мәртебесін көтереміз.

• «Қазіргі Үкіметтің жұмысына көңіліңіз тола ма?».

– Менің ойымша, Үкімет белсенді жұмыс істеп жатыр. Мемлекет басшысы ретінде қойған міндеттерімді орындауға тырысады. Жұмысымыз өте қауырт. Ол бұқаралық ақпарат құралдарына көріне бермеуі мүмкін. Ақпараттарды жан-жақтан алып отырамын. Жалпы, мен көп оқитын адаммын.

Сондықтан елдегі барлық оқиғадан әрқашан хабардармын. Министрлердің және Үкіметтің жұмысында кемшін кетіп жатқан тұстар болса, әлбетте, ескертемін. Жеті ай деген көп уақыт емес. Үкімет мүшелері өздерін көрсетуі керек. Ең басты міндет – ел экономикасының дамуына серпін беретін мүмкіндіктерді іздеу.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

КЕЗДЕСУ

БҰЛ – ҚАЖЕТТІ
ЖОБА

Мегалополисте жалпыхалықтық референдумның қорытындысын талқылады. Ғ.Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің ұжымымен және студенттерімен сараптамалық талқылау өтті.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Іс-шараның мақсаты – АЭС қажеттігі, халыққа тиімділігі, экологиялық қауіпсіздік, мамандар дайындау ісі, энергия құрылысына қажетті жабдықтар, уран қоры және т.б. пайдалы әрі тиімді тұстар туралы пікір алмасу. Бұл туралы сала мамандары ой қозғады.

Кездесу аясында қатысушылар Қазақстанда АЭС салу туралы өткен референдумның алдын ала қорытындыларын талқылады.

«Біз атом электр станциясын салудан ешқандай қаймықпауымыз керек. Әлемде бар тәжірибені еліміз қолданғалы отыр. АЭС-ның арқасында елдімекен өсіп-өркендейді, жаңадан ашылған жұмыс орындары болады. Егер АЭС құрылысын салуда 1 инженер маман жұмыс істесе, оның жанында 10 көмекші керек болады. Демек, бізде кадр тапшылығы болмайды деп ойлаймын. Энергетик мамандар жеткілікті. Бұл – қауіпсіз жоба. Табиғи қауіпсіз. Ешқандай өзен-көлді құрғатпайды. Уайымдауға негіз жоқ. Біздің пайымдауымызша, болашақта бірнеше электр өндіретін орталықтар салынуы қажет», – деді атом саласының сарапшы маманы Бауыржан Ибраев.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАР НЕ ДЕДІ?

АЭС бойынша референдум – Қазақстанда демократиялық процестерді одан әрі дамыту жолындағы маңызды қадам

ШЫҰ МИССИЯСЫ:

Ашық, еркін және заңды

Халықаралық байқаушыларға қолғабыс көрсету орталығында өткен баспасөз конференциясында Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) миссия мүшелері Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша референдумды бақылау барысында атқарған жұмысын қорытындылады. Қорытынды мәлімдемені миссия басшысы, ШЫҰ Бас хатшысының орынбасары Олег Копылов жариялады.

ШЫҰ байқаушылары референдум өткізу үшін барлық жағдай жасалғанын атап өтті. АЭС салуды қолдайтындар мен бұған қарсы азаматтар референдумға шығарылған мәселе бойынша үгіт жұмыстарын еркін жүргізгеніне маңыз берілді. Миссия мүшелері бақылау үшін өз бетінше таңдаған 35 учаскеге барған. ШЫҰ байқаушылар миссиясының басшысы дауыс беру белгіленген тәртіпті сақтай отырып, қалыпты өткенін мәлімдеді. Байқау жұмысы кезінде миссия мүшелеріне ешқандай шағымдар мен ескертулер түспеген.

– Миссия референдум азаматтық қоғам өкілдерінің белсенді қатысуымен және азаматтар үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, ашық өткенін атап өтеді. Миссия Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша республикалық референдум қолданыстағы заңнамаға және Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес өткізілгенін мәлімдейді. Миссия



Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша референдумды ашық, еркін және заңды деп таниды. Миссия референдум Қазақстан Республикасында демократиялық процестерді одан әрі дамыту жолындағы маңызды қадам болғанын мәлімдейді, – деді миссия басшысы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы Бас хатшысының орынбасары Олег Копылов.

ТМҰ МИССИЯСЫ:

Заңсыз араласу
болған жоқ

Атом электр станциясын салу мәселесі бойынша республикалық референдумға қатысқан Түркі мемлекеттерінің ұйымы (ТМҰ) миссиясының басшысы, ТМҰ Бас хатшысының орынбасары Садиджафаров Халықаралық бақылаушыларға қолғабыс көрсету орталығында өткен баспасөз конференциясы барысында атап өткендей, Миссия референдум учаскелері ашылған сәттен 17 учаскеде бақылау жүргізген. «Осы орындардың бәрінде референдумға қатысты барлық ақпарат, сондай-ақ материалдар ұсынылды. Біз толық мониторинг жүргізе алдық, осы уақытқа дейін сайлау комиссиясының қызметі бойынша әкімшілік немесе құқық қорғау органдары тарапынан заңсыз араласу жағдайлары байқалған жоқ», – деді спикер.



АӨСШК МИССИЯСЫ:

Шағымдар мен
ескертулер түспеді

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (АӨСШК) миссиясының байқаушылары Халықаралық байқаушыларға қолғабыс көрсету орталығында өткен баспасөз конференциясы барысында олар аралаған учаскелерде барлық қажетті ақпарат ұсынылғанын, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қажетті жағдайлар жасалғанын атап өтті.

АӨСШК бас хатшысының орынбасары Чжан Лин азаматтардың дауыс беруге белсенді қатысқанын және учаскелік комиссиялар қызметкерлерінің кәсіби деңгейдегі даярлығын атап өтті. «Дауыс берушілердің белсенді қатысып жатқанын байқадық. Әсіресе, жастар, көбі отбасымен балаларымен бірге келді. Учаскелік комиссиялардың мүшелері дауыс беру үшін қажет жағдайларды қамтамасыз еткен. Байқау барысында дауыс берушілерден АӨСШК байқаушыларына қандай да бір шағымдар, ескертулер түскен жоқ», – деді спикер.



«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөздер: ortcom.kz; baq.kz).



МЕГАПОЛИС

АЛМАТЫНЫ
КӨРІКТЕНДІРУ
ЕРЕЖЕСІқалалық нысандарды
төлқұжаттау басталды

(Басы 1-бетте)

Сауда ұйымдарынан коммуналдық қалдықты аталған нысандардың меншік иесі немесе ҚР заңнамасына сәйкес, қалдық шығару қызметімен айналысатын ұйыммен жасалған шарт негізінде шығарылады.

Жөндеу жұмыстары кезінде пайда болған қалдықтарды арнайы белгіленген орындарға сол жұмысты жүргізген тұлғалар өздері шығарады. Жөндеу кезінде шыққан қалдықтарды уақытша қалдық сақтау орындарына немесе контейнер алаңдарына тастауға тыйым салынады.

Егер қалдық өндірген адам өзінің жер телімінде не ғимаратында жалдау немесе басқа келісім негізінде өз бетімен қалдықтарды жинамаса, шығармаса және кәдеге жаратпаса, бұл міндеттер аталған жылжымайтын мүлік нысандарының иелеріне жүктеледі.

Базарлар мен оларға іргелес аумақтарды тазалау және жинау жұмысын ұйымдастыру «Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережеге сәйкес тазартылады және жиналады.

Аумақтан тыс жерлерге қоқыс пен тұрмыстық қалдықтарды төгуге және өндіріс қалдықтарын көшеге шығаруға тыйым салынады. Сұйық тұрмыстық қалдықтар арнайы көлігі бар ұйымдармен шарт бойынша шығарылуға тиіс.

КЕЗЕҢДЕРІ

Төлқұжаттау үдерісі үш кезеңге бөлінген. Бірінші кезеңде магистральды көшелердегі, қалалық маңызы бар аймақтарда және жаяу жүргіншілер кеңістігінде мыңнан астам нысан қамтылады. Екінші кезеңде аудандық маңызы бар көшелерге мән беріледі, ал соңғы кезеңде жергілікті маңызы бар көшелер мен аулаишілік аумақтар қамтылады. Бағдарламаны толық аяқтау 2025 жылдың сәуіріне жоспарланған.

Аудан әкімдіктерінің көріктендіру және экология бөлімдері көріктендіру жөніндегі талаптардың орындалуын қадағалайды. Ереже бұзған кәсіпкерлер ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Төлқұжатта субъектінің атауы, мекенжайы, байланыс телефоны, меншік иесінің мәліметтері, ҚТҚ шығару туралы келісім-шарт, қатты жабынның ауданы, көгалдың ауданы, ағаштар мен бұталар саны, шағын сәулет пішіндерінің болуы және бекітілген аумақтың сызбасы көрсетіледі.

Төлқұжатқа аудан әкімдігі мен кәсіпкер бірлесіп қол қояды, бұл рәсімнің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, бұрын көзделмеген учаскелерді көріктендіруге қосымша шығындардың туындау қаупі жоққа шығарылады.

Естеріңізге сала кетейік, жаңа көріктендіру ережелері Алматының әлауқатын сақтауға бағытталған және «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасының мақсатына сәйкес келеді, бұл қала тұрғындары үшін қауіпсіз әр экологиялық таза орта құруға ықпал етеді.

Жаңа ережеге сәйкес, бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар концерттер, фестивальдар және жәрмеңкелерден кейін тазалық жұмыстарын жүргізуге міндетті. Бұл қалада тазалық пен тәртіпті сақтауға септігін тигізеді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

КӘРІЗ ЖЕЛІЛЕРІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Алматы қаласы шығыс бөлігінің 100 мың тұрғыны
жаңа кәріз коллекторымен қамтамасыз етілді

Алматы қаласы әкімінің тапсырмасымен биыл тамызда қаланың шығыс бөлігі үшін жаңа кәріз коллекторының құрылысы аяқталды. Ұзындығы 19 шақырым болатын жаңа коллектордың іске қосылуы қаланың шығыс бөлігінің 100 мың тұрғынын тұрақты су бұру жүйесімен қамтамасыз етіп, «Думан» шағынауданы, Шығыс айналма жолы бойындағы тұрғын үйлер және Талғар ауданының іргелес аумақтарын қамтитын қолданыстағы кәріз желілеріне түсетін жүктемені азайтты.

Сонымен қатар, коллектор «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағын (АЭА ИТП) дамытуда шешуші рөл атқарады.

Бұл коллектордың құрылысы 2017 жылы «Ария Жана Астана» ЖШС мердігер ұйымның міндетін орындамауына байланысты тоқтатылған болатын. Сот шешімі-

мен осы мердігер міндетіне салғырт қарайтын жауапсыз қызмет көрсетуші болып танылды.

2023 жылы Алматы қаласының Энергетика және су шаруашылығы басқармасы «Алматы Су» МҚК-мен бірлесе отырып, барлық кемшілікті жою үшін ақау актісін жасады. «Integra Construction» ЖШС мердігер ұйымы қажетті қалпына келтіру жұмыстарын орындайтын болып, жауапкершілікті өзіне алды. Әлеуметтік жауапкершілік аясында компания 2023 жылдың тамызы мен 2024 жылдың тамызы аралығында құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтады.

Бұл нысанның іске қосылуы апаттар мен экологиялық мәселелер қаупін азайтумен қатар, қаланың шығыс бөлігі мен Алматы облысының іргелес аудандарының инфрақұрылымын одан әрі тұрақты дамытуға алғышарт жасайды.

Сондай-ақ, қала әкімі тапсырмасымен 130 мыңнан астам тұрғынды сумен қамтамасыз ететін ұзындығы 34 шақырым болатын жаңа батыс кәріз коллекторының жобасы жасалып жатыр. Бұл Алматы қаласының Наурызбай және Алатау аудандары мен Алматы облысының іргелес аудандарын қамтиды. Құрылысты 2025 жылдың II тоқсанында бастау жоспарланған.

Бұған қоса, бүкіл қаланың ағынды суын бұру қызметін атқаратын №1, 2, 3 қолданыстағы кәріз коллекторын қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Реконструкцияны 2025 жылдың II тоқсанында бастау көзделіп отыр.

БАСПАНА

МҰҚТАЖ АЗАМАТТАР

тұрғын үймен қалай қамтамасыз етіледі?

Алматыда жыл басынан бері 2726 кезекте тұрған азамат коммуналдық тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Бұл туралы қаланың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы хабарлады.

2024 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша тұрғын үй кезегінде 43 448 адам тұр. Олардың ішінде: 2330 – жетім балалар, 7 546 – көпбалалы отбасылар, 18 468 – халықтың әлеуметтік осал топтары (ХӨОТ), 15 104 – бюджеттік ұйым қызметкерлері.

Биыл 8 айда 2726 азамат тұрғын үймен қамтамасыз етілді, оның ішінде: 1080 – кезекте тұрғандарға арналған коммуналдық тұрғын үй қорынан жалдамалы тұрғын үй, 1348 – жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалдамалы тұрғын үй, 226 – 2% және 5% жеңілдетілген несие бағдарламалары арқылы тұрғын үй алғандар, 72 – «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша. Сонымен қатар, 169,3 млн теңгеге 148 тұрғын үй сертификаты берілді.



КОНСЕРВАЦИЯЛАУ

СУБҰРҚАҚТАР МАУСЫМЫ
АЯҚТАЛДЫ

Алматыда қазан айынан бастап қалалық субұрқақтардың жұмыс маусымы аяқталды. Суық ауа райының басталуына байланысты қызмет көрсететін компанияның мамандары күзгі-қысқы кезеңде субұрқақ жабдықтарын сақтау процесіне кірісті.

Консервациялау жұмыстары екі кезеңде жүргізіледі. Бірінші кезеңде субұрқақтардан су ағызылады, құбыр жүйелері үрленеді, субұрқақтардың тостағандары мұқият тазаланады. Бұдан әрі оны тексеру және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жабдықты бөлшектеу, оның ішінде істен шыққан агрегаттарды

ауыстыру жүргізіледі. Бұл іс-шаралар дәстүрлі түрде мамыр айының басында басталатын жаңа маусымға субұрқақтарды дайындауға бағытталған.

Сонымен қатар, келесі маусымның басына дейін қызмет көрсететін компанияның қызметкерлері субұрқақ тостағандарына шағын жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Қыс мезгілінде субұрқақтар мен оларға іргелес аумақтардың санитарлық жағдайын, соның ішінде парапеттен бір метр радиуста қоқыс пен қардан тазарту жоспарлануда.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы қаласында 66 коммуналдық субұрқақ жұмыс істейді. Олар жыл сайын 1 мамырда іске қосылады және қазан айында өшіріледі.

Дана ДӘУЛЕТҚЫЗЫ.

Мұғалімнің мәртебесі қашан да бәрінен биік. Ұлы тұлғалардың өзі ұстазының алдында шәкірт болып қала береді. Бір сөзбен айтсақ, барша жетістіктің бастауында ұстаз тұр. Ұлттың болашағы – ұстаздың қолында. Менің мақсатым – ұстазды қоғамымыздың басты кейіпкері ретінде дәріптеу. Себебі, сіздер бала оқыту арқылы келешектің кірпішін қалайсыздар. Қазақстанның дамыған ел болуына зор үлес қосып жүрсіздер. Сіздердің табанды еңбектеріңіз ерекше құрмет пен жоғары марапатқа лайық.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

ҰЛТ БОЛАШАҒЫ – ҰСТАЗ ҚОЛЫНДА

«Ұстаз – мәртебелі мамандық иесі ғана емес, ол мемлекеттің іргетасын қалап, қоғамды дамыту үшін ең алдыңғы шепте жүретін көшбасшы тұлға. Мемлекет басшысының өзі: «Еліміздегі білім сапасы, ұлттың бәсекелік қабілеті жоғары болуы ұстаздардың біліктілігі мен қажырлы еңбегіне байланысты. Сондықтан мемлекет тарапынан мұғалімдерді жан-жақты қолдау саясаты жалғаса береді. Біздің ең маңызды міндетіміз – өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие мен озық білім беру», – деп ұстаздың мәртебесін биіктетіп, үлкен сенім жүктеген еді. «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі», – деп әйгілі Мағжан Жұмабаев айтқандай, қаламыздың білім саласы қызметкерлері өздерінің төл мерекесін Алматының төрінде, Республика сарайында атап өтті. Айтулы мерекеге шаһар басшысы Ерболат Досаев қатысып, еңбегімен ел құрметіне бөленген ұстаздарды марапаттады.

Салтанатты жиынның алғашқы сөзін қала әкімі Ерболат Досаев алды.

– Қазіргі заманның талаптары білім сапасына жаңа міндеттер қойып отыр. Бүгінгі мектеп негізгі білім беріп қана қоймай, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, күрделі мәселелерді креативті түрде шешуге, заманауи технологияларды тиімді пайдалануға үйретуі керек. Бұған тиісті дайындықсыз және мұғалімдердің біліктілігін арттырмай қол жеткізу мүмкін емес. Халқымыз «Ұстаздық ету – талабы қашанда таусылмайтын, заманы ешқашан да ескірмейтін кәсіп» деп ұстаздықтың қадірі мен қасиетін биік бағалайды. Мемлекет басшысы «Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи

мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық». Шәкірттерді білім мен мәдениетке, ғылым мен өркениетке жетелеудегі қызметтеріңіз толағай табыстарға толы болсын! Егемен елдің ертеңіне еркін енетін, еліміздің болашағына серпін беретін шәкірттеріңіздің қатары арта берсін! – деп ізгі тілегін жеткізді.

Иә, ұстазға қойылатын талап бұрын да, бүгін де оңай болған емес. Сондықтан біз үшін басы анық мәселе – барлық жүкті мектепке, ұстазға артып қоймай, оны қоғам болып қолға алып, барлығымыз жұмылуға тиіспіз. Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында әркез саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін барлығымыздың да жауапты екенімізді айтып, жұмыла қолұшын беру керек екенін қадап айтып келеді. Мерекелі

жиын барысында қала басшысы білім беру үдерісінде оқу процесін цифрландыру қарқынын жеделдету ісі де өзекті мәселе екенін, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында қабылданған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» қазіргі кезде білім жүйесі қызметкерлеріне оң серпін беріп, ұлт тәрбиешілері атанған балабақша тәрбиешілері үшін үлкен көмек болып отырғанын атап өтті.

Ел Президенті биылғы дәстүрлі Жолдауында да мемлекет тарапынан педагогтарды жан-жақты қолдаудың маңыздылығы туралы атап өткен еді. Оның тапсырмасы бойынша педагог мәртебесін арттыру шаралары қабылданып, соңғы төрт жылда ұстаздардың жалақысы 2 есеге, еңбек демалысы 56 күнге дейін өссе, мұғалімнің міндетіне кірмейтін басы артық жұмыстардың бәрі алынып тасталды. Осы тұрғыда Алматы қаласының әкімдігі де педагог еңбегін айрықша бағалап, зор қолдау көрсетіп отыр. Алғаш рет 2022 жылдан бастап мектепке дейінгі, орта және инклюзивті білім мекемелері Marshall Cavendish Education бағдарламасы аясында халықаралық тәжірибеден өтуді бастаса, биыл бұл бағдарламамен 440 білім саласы қызметкері қамтылып отыр. Бұған қоса, қала басшысы өзінің тікелей тапсырмасымен 63 информатика пәні мұғалімінің Сингапурде тәжірибеден өткенін де тілге тиек етті. Жыл өткен сайын жас мұғалімдерді қолдау мақсатында «Алматы жастары» бағдарламасы аясында тұрғын үймен қамтамасыз ету квоталарын арттыру жалғасып жатыр. Мәселен, осы бағдарлама аясында өткен жылдары 350-ден

астам жас мұғалім пәтер алса, былтыр 307 жас мұғалім алды, ал жылдың соңына дейін жалғаса береді.

Халық даналығында «Ұстазын ұлықтаған ел озады» деген тәмсіл бар. Жиын барысында қала әкімі «Digital Ustaz Almaty» және «Алматы ұстазы» байқауларының жеңімпаздарын марапаттады. Бас жүлде иесі қомақты қаржыға ие болды. Қала әкімі дәстүрлі «Үздік мекеме-2024» жүлдесін жеңіп алған айтулы білім мекемесі №15 гимназия басшысы Бұлбұл Оспанбекке 68 млн теңгенің сертификатын табыс етті.

Иі, бұрынғыдай емес, соңғы жылдары ұстаздардың еңбегі еленіп, әлеуметтік жағдайлары жақсара бастады. Ұстаздарды қолдау – ел экономикасының жақсара түскенін аңғартады. Мемлекет тарапынан қолдаудың тағы бір көрінісі – ел Президентінің қатысуымен тұңғыш рет Республикалық педагогтар съезінің өтуі. Бұл да ұстазға, оның еңбегіне деген құрмет болса керек. Қазіргі таңда білім жүйесі қызметкерлері Мемлекет басшысы нақтылап берген білім беру саласын дамытудың 7 маңызды бағыты бойынша жұмыла еңбек етіп жатыр. Басты бағыт – мұғалімдердің біліктілігін арттырып, балаларды заманауи озық біліммен қамтамасыз ету. Әрине, ол үшін ең алдымен, мектептерде орын тапшылығы проблемасы шешімін табуы керек. Бұл күнде Алматыда 20-дан астам жаңа мектеп құрылысы бой көтеріп жатыр. Яғни мектеп тапшылығы мәселесінің шешілетін күні де таяу.

Мерекелік жиын соңы Қазақстан өнер шеберлерінің концертіне ұласты.

ҚҰРМЕТ

МЫҢ АЛҒЫС СІЗДЕРГЕ!

Өздерінің төл мерекесін Әуезов ауданының білім саласы қызметкерлері Н.Саң атындағы жасөспірімдер театрында атап өтті. Мерекелік жиынға еңбек ардагерлері, ауданның білім жүйесі қызметкерлері қатысты.

Жалпы, Әуезов ауданының қала тарихында алар орны ерекше. Өйткені, аудан өзінің аумағы жағынан да, халқының саны жағынан да өте үлкен. Бұл күні аудан аумағында 47 мектепке дейінгі мекеме, 33 мектеп бар.

Барша білім саласы қызметкерлерін Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиев құттықтады.

– Мемлекет басшысы өзінің жыл сайынғы Жолдауында білім саласына айрықша басымдық беріп, басты назарда ұстап отырады. Соның нақты көрінісі – ұстаздарға жасалып жатқан жеңілдіктер мен мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаулар. Әрине, ұстаздың еңбегі өлшеусіз. Біз оны әркез бағалап, құрметтеуге тиіспіз! – дей келе, ұзақ жыл еселі еңбегімен ел құрметіне бөленген майталман мамандарды Алғыс хатпен марапаттады.

Осы ауданның байырғы тұрғыны, қазақ өнерінің мақтанышы Алтынбек Қоразбаев: «Мен де ұстазбын. Өнер саласында бірталай шәкірт тәрбиелеп, оң бағыт бердім. Әлі де қарап отырғаным жоқ. Жастарға ақыл-кеңесімді айтып отырамын», – деп ізгі лебізін білдірді.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



«ТОЛЫҚ АДАМ, ОЙ ТОЛҒАУ, ХАКІМ АБАЙ»

Алматыда Қазақстанның халық артисі Шахмардан Әбіловтің шығармашылық кеші өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



мен жырды, саз бен күйді ұлы ұстазбен байланыстырған әнші Абай өлеңдерін нақышына келтіріп шырқап, көрерменнің зор қошеметіне бөленді.

Шығармашылық кештің басты кейіпкері Шахмардан Қайдарұлы моно-опера – ұзақ жылдық ізденістен туындаған шығармашылығының шыңы екенін айтады.

«Бұл моно-операның 2-3 нұсқасы бар. Бүгінгі кештің басты кейіпкері – Шахмардан Әбілов соның ең үлкен нұсқасын көрерменге ұсынып отыр. Абайдың қара сөздеріне жазылған шығармаларынан жиынтық жасап шықты», – дейді Абай атындағы қазақ ұлттық опера және балет театры опера труппасының көркемдік жетекшісі және әншісі Болат Бөкенов.

«Бүгін белгілі әнші Шахмардан Әбілов педагогтар қауымына арнап тамаша қойылым сахналады. Ұстаздарға көрсетіліп жатқан үлкен құрмет деп білеміз», – дейді ардагер ұстаз Ысқақ Молдаәлімұлы.

Шахмардан Әбіловтің шығармашылық кешін тамашалауға келушілер ерекше әсер алып қайтты.

адамның дүниедегі орны, тәрбиенің маңызы, парасат пен рухани тазалық туралы ой-толғамдарын көрерменге музыка арқылы жеткізеді. Бүгінде Ш.Әбілов – республикамыздың музыкалық мәдениетінде ерекше орын алатын өнер иесі. Ұлттық опера өнерінің туын жоғары ұстап келе жатқан әншінің жұртшылық Ұлы Абайдың рухани мұрасын насихаттаушы ретінде де жақсы біледі.

Шахмардан Әбіловтің шығармашылығы Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де кеңінен танымал. Ол халықаралық фестивальдердің лауреаты, Абайдың музыкалық мұрасын насихаттаушы, вокалдық лирика шебері, Париждегі Салле

Плейел, Винченцо, Берлин, Тель-Авив сияқты әлемнің ең беделді сахналарында өнер көрсетті. Әншіні халыққа танымал еткен Лондондағы Барбикан-холлда корольдік камералық оркестрмен берген концертті болды.

Мәдени іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова мен білім саласында талай жыл еңбек еткен ардагер ұстаздар мен қала мектептерінің мұғалімдері қатысты.

Абай өлеңдерінің әр сөзіне мән беріп, мағынасына терең бойлаған өнер иесі аталмыш кеште моно-опера бағытындағы туындыларды орындады. Қазақ операсының Абайы атанып, өмір мен өнерді, ән

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында Халық артисі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, опера әншісі, профессор Шахмардан Әбіловтің шығармашылық кеші өтті. Ол «Абайдың қара сөздері» моно-операсын орындап, кештің арнайы қонақтары – еңбек ардагерлері мен ұстаздарға рухани-мәдени демалыс сыйлады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мұғалімдер күніне орайластырылған іс-шараны Алматы қаласының әкімдігі ұйымдастырды. Танымал орындаушыны тыңдауға еңбек сіңірген педагогикалық еңбек ардагерлері мен көрнекі әртістер келді.

«Мен өз шығармашылығымды өскелең ұрпаққа арнаймын, өйткені олар – біздің болашағымыз. Егер балалар Ұлы Абайдың шығармашылығын шынымен түсініп, сүйсе, өзімді бақытты сезінемін», – деді Шахмардан Әбілов.

«Толық адам, ой толғау, хакім Абай» моно-операсы – Абай Құнанбайұлының мәңгілік поэзиясы мен философиялық шығармаларына негізделген терең әрі жанды музыкалық шығарма. Бұл – жай ғана вокалдық қойылым емес, адамгершілік, қоғам, адам болмысы, дүниетану туралы ойлары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпаған ұлы ағартушының ой әлеміне тұтастай енуі. Моно-операның әрбір нөмірінде

ТУРИЗМ

АЛМАТЫНЫҢ КУРОРТТАРЫ

халықаралық марапаттау рәсімінде ең көп жүлдеге ие болды



қатарынан көрінді! Біз екі номинацияда бірден жеңіске жеттік: «Үздік глэмпинг/кэмпинг», сондай-ақ ең беделді категорияда – «ТМД елдерінің үздік курорты» атағын алдық. Жеңімпаздарды таңдау бірнеше кезеңнен тұрды, оған дауыс беру және са-

рапшылар комиссиясының алдында жобаны қорғау кірді. Бүкіл командамызды осы тамаша жетістікпен құттықтаймын! Үшінші жыл қатарынан ең беделді номинация Қазақстанға оралып отыр! Бұл керемет нәтиже және біздің жұмысымыздың жоғары дең-

гейінің дәлелі. Осы жетістікке үлес қосқан әрқайсыңызға алғыс айтамын! Қазақстандықтар, біз бұған қол жеткіздік!», – деп пікір білдірді «Шымбұлақ» тау курорты бас директоры Ринат Абдрахманов.

Марапаттау рәсімінде «Oi-Qaragai» тау курортының PR бөлімінің басшысы Максим Козлов пікір білдірді:

«Біздің команда әрдайым қызмет көрсету деңгейін жетілдіруге тырысады. Сондықтан келушілерге қызмет алу қарапайым әрі ыңғайлы, ал ұсынылатын қызметтердің сапасы жоғары болуы үшін барымызды салудамыз. Курорттың IT саласындағы үздік деп танылуы – үлкен жетістік, өйткені қазір курорт кеңейіп, жаңа «Ақтас» аймағын ашуда. Бұл, шамамен, 55 шақырым жаңа трассалар, жаңа аспалы жолдар мен жаңа аумақтар. Процестерді оңтайландыру – басым міндеттердің бірі. «Тау курортындағы үздік балалар лагері бағдарламасы» марапаты – бұл жеке жетістік, ол осы бағытты жасаушылардың еңбегі. Олар ұсынылған қызметтердің ең жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етуде».

Дана ДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
Абылай хан атындағы Қазақ
халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университетінің студенті.

SKI BUSINESS AWARDS жыл сайынғы марапаттау рәсімі 3–6 қазан аралығында Минералды сулар мекенінде халықаралық туристік аумақтар форумының аясында өтті. Мұнда туристік индустрияның мамандары кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, нарық қатысушыларының өзара әрекеттесуінің жаңа форматтарын және ТМД елдерінің шетелдік серіктестерімен туристік инфрақұрылым құруды талқылады.

Марапаттау 2023-2024 жылғы маусым қорытындылары бойынша берілді. Шешім бірнеше кезеңнен тұрды. Тау индустриясындағы беделді мамандар комиссиясының алдында жобаны қорғау, сондай-ақ тау шаңғысын сүйетіндер арасында дауыс беру арқылы шешім қабылданды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша «Шымбұлақ» тау курорты «ТМД елдерінің үздік тау шаңғысы курорты» атағына ие болды. Сонымен қатар, «Тау аймағындағы үздік глэмпинг/кэмпинг» номинациясында жеңіске жетті. «Oi-Qaragai» тау курорты «Үздік IT-шешім» және «Үздік балалар лагері бағдарламасы» марапаттарын иеленді.

«SKI BUSINESS AWARDS марапаттау рәсімінде біздің курорт ТМД елдерінің 150 курортының арасынан тағы да үздіктер

НАҚТЫ СЕКТОРҒА ИНВЕСТИЦИЯ

жаңа инновациялық жобаларға жол ашады



Ең маңыздысы – кадр

Мемлекет басшысы өз Жолдауын 9 бағытқа негіздеді. Сонымен қатар, актуалды мәселелерге ден қойып, нақты тапсырмалар берді. Енді белсеніп еңбек ету керек. Біз табыс пен шығынды есептеуіміз қажет. Бұрыннан Ұлттық Қорға қол салу көтеріліп келеді. Келешек заман үшін жиналған қаражат бүгін жұмсалып отыр. Артық шығындарға жол бермеу ләзім. Дамыған елдерде қолынан іс келмейтіндерді бір күнде ұстамайды. Кейбір жобалар өз-өзін ақтамаған тұстары байқалады. Бір ғана Париж–2024 Олимпиадасының өзіне жұмсалған қаржы өз шығынын ақтамады. Көрсеткен нәтижесі төмен. Енді 17 жоба бойынша жұмыс жасалатын көрінеді. Бірақ олқылыққа жол бермесе екен. Баяғы қолынан іс келмейтін, бюджетке шығын алып келген істі доғарса дейміз. Тың бағыт, жаңа инновациялық жобаларға көңіл бөлген абзал.

Кейінгі 30 жылда ауылшаруашылығына көңіл бөліне қоймады. Шет елде ауылдағы маманға көмек беріледі. Әсіресе, Беларусьте ауылшаруашылығы дұрыс жолға қойылған. Соның арқасында нәтиже бар. Ал бізде егістік мол болмаса, ауа райынан көреді. Қазір төрт түлікке жем-шөп жетпей жатыр. Батыс өңірдің қуаңшылық жерлерінде мал-түліктері қартон, қағаз жеп жүр. Өзімізде өңдеу технологиясына көңіл аударып, жетпей жатқан облыстар бір-бірін керек-жаракпен қамтысақ өркендейміз. Қазақ халқының дүниетанымында «көрпеңе қарай кесіл» деген аталы сөз ұшырасады. Дөп басып бүгінгі ахуалды мензеп тұрғандай.

Ең маңыздысы – кадр. Қазір тапшы кадрлар бар. Техникалық мамандықтарға сұранып баратын талапкерлер аздау. Мәселен, дене шынықтыру мұғалімін оқимын деушілер рекордтық деңгейге жетті. Дене тәрбиесіне өтініш білдіргендер 1 орынға – 10 талапкер артық берген. Бізге техникалық мамандар аса қажет. Дәлірек, машина жасау, ветеринария, ауылшаруашылық саласына кадр керек. Өткен жылы ЖЭС істен шығуы орын алды. Мұны жыл сайын қарап, қадағалап, жаңартып отыру қажет. Жалпы, жетістіктер бар. Халық нақылымен айтқанда – «судың да сұрауы бар». Біз қалай да табысты еселейік.

Өңдеу өнеркәсібін өркендетейік

Қазақстанда өңдеу өнеркәсібін қолға алайық. Өзіміз өнім өндірімей, өркендеп қанат жаю қиын. Жаңадан өңдейтін зауыт, фабрика ашатын уақыт жетті. Шикізатты сыртқа сатуды доғаратын шақтамыз. Құр босқа қазба-байлықты сата берсек, тақырға отырамыз. Әлі күнге дейін тауық еті, 150 мың тонна сүт, тіпті жұмыртқаға дейін, бәрі-бәрі импорт. Елде жұмырқаны – 3%, ал шет елде – 30% өндейді. Сонда кім ұтып, кімдер ұтылды, өзіңіз ойлап қараңызшы?! Кәсіпорындармен тілдескенде айтқаны

Биылғы Жолдау басқаларынан өзгереді болды. Сондай-ақ, елдегі экономикалық саясатқа байланысты нақты тапсырмалар берілді. Алдағы атқарылар шаруалар көп екені анық. Осылайша халықтың тұрмыс сапасын жақсарту бағытында жалпы қордаланған мәселелер кезең-кезеңімен шешілетін болды.

Алматыда білікті әрі білгір әр саланың өкілдері жетерлік. Осы жолғы Жолдаудың мән-маңызы, ел-жұртқа тигізер септігі туралы экономика ғылымының докторы Рахман АЛШАНОВПЕН тілдестік.



Сурет: Future2day.ru

сапалы металл. Мысалы, Беларусь соқасы – 6 шақырым, неміс соқасы 12 шақырымнан аспайды, майысып қалады. Ал қазақтың темірін пайдаланып соқа жасасак, 1 апта егін уақытын үнемдейміз. Егер қазақ өзіне комбайн, трактор, дән сепкіш жасап шығарсақ, тағы бірнеше апта ұтамыз. Осы айтқан істерді қолға алсақ ертерек арпа-бидай, күріш пісіп дер кезінде қырманға жинап алуға болады. Қытай әлемнен 7 миллион тоннадай сұйық май алады. Соны пайдаланып күнбағысты көптеп өсіріп, сұйық май өндіріп Қытайға, сыртқа экспорттайық. Өсімдік майын өндіріп сатудан 2-3 есе пайда келеді.

Жетпей жатқан кем-кетіктің орнын толтырып, өңдеуші салаға қарай бет бұрайық. Бұрын Араб елдеріне жем өткізетінбіз, ол да саябырлады. Өңдеу өнеркәсібін дамытпай, елдің өркендеуі мұң. Қазақ елі экономикасының дефициті не? Міне, соны қарайық, олқылықтың орнын толтырайық!

Үнемдеуді үйренейік

Кезінде жер онды-солды таратылды. Кей адамдар аларын алып шамасы келмей, сол жерлер пайдаланылмай бос жатыр. Әлбетте, шаруаны шалқайтып отырған іскерлер де жеткілікті. Бүгінде мал жаятын жердің көлемі тарылып әрі тозып барады. Территориямыздың 46–50% құмға айналууда. Көрші өзбек ағайын күні-түні жұмыс істеп отыр. Олар мақтамызды алады мата өндіреді, сондай-ақ көлік құрастырып сатады. Алатақиялы ағайын үнемдеуді біледі.

Ал бізде қаражатты босқа шашу көп. Бұрын мұнайдың баррелі – 120–145 долларға дейін көтерілсе, қазір 70 долларға түсті. Қазақстандағы мұнаймен айналысатын 10 компания бюджеттің 40%-ын құрайды. Үш өңір Алматы, Атырау, Астана қазынаға донор болып отыр. Ал қалған облыстар датацияда тұр. Бюджеттік шығындарды есептеп, пайда әкелетін саланы қолдайық.

Активтерді қайтару бойынша атқарылып жатқан істер аз емес. Біразы алғанын қайтарып жатыр. Көбісі өзіне қажет емес, артық шығын боп тұрған дүние-мүліктерін қайтарып беруде. Уағында зәулім ғимарат, жүріп тұрған бизнесті алып, пайдасын көріп,

көбейгенін айтып, дабыл қағуда. Әуелі ата-ана бала денсаулығына жауапты. Қайталап айтамын, сапаға көңіл бөлейік. Әр балаға жетерлік қолжетімді балабақша, сапалы білім беретін мектеп, өскенде маман болатын жоғары білім, ғылым болуы қажет. Бізге керек десеніз, 100 мектеп емес, 1000 мектеп салайық. Оған 100 мың мұғалім даярлайық. Педагогикалық университеттер білікті кадр дайындауға қауқарлы болуы тиіс. Ұрпақ тәрбиесіне мән беріп, мәдениетті әділ әрі жаңа Қазақстан құрайық.

Бізде оқып білім алып жүрген талапты әрі талантты жастар аз емес. Өңгіме ішінен ептілерін іріктей білуде.

Біздің болашағымыз – білгір, әділетті, отаншыл қазақтың жастарының қолында. Осыны ұмытпайық!

Әр саланы өз маманына тапсырайық

Жолдауды қарасаңыз, әр саланың күйіп тұрған мәселесінің шешілу тетіктері қарастырылған. Дүние жүзінің дамыған державаларының тәжірибесіне сүйенсек, қолынан іс келмейтіндер, түк бігірмейтіндер өздері ұялғаннан істей алмаса кетеді. Оның орнына білікті кадр келеді. Сөйтіп, іс өздігінен дөңгелейді. Бізде бұрынғы кадрға ысырып салып, жаңадан келгендер дым білмегендей жүре береді. Бұл өте ұят іс. Сол сала айдан келген жоқ. Күнделікті істеліп жатқан шаруа. Енді ісі жүрмей жатқан саланың бойына қан жүгіртсе, ол адам елге пайдасын тигізіп, тарихта қалады ғой. Мемлекеттік қызмет жеке басты ойлайтын орын емес. Ол күндіз-түні ұлтқа қызмет қылатын, қастерлі мекен. Осыны ұғыну үшін ұлтжанды, патриот, қазақтың қамын жейтін «Адал адам» концепциясына сай келетін жандарды қолдау керек. Қызмет тізгінін ұстаушы әр ісіне жауапты.

Әр салаға өз маманын жауапты етіп бекіту керек. Энергетик энергетика, ауылшаруашылығын диқан, құрылыс саласын құрылысшы біледі ғой. Бұрынғылар «шымшық сойса да, қасапшы сойсын» дейтін. Бір саланың майын ішкен, іскер адамды басшы етсек екен. Егер әр саланы өз маманы тізгіндемейтін болса, онда опығын өзіміз жейміз.

Ел табысын еселеудің жолы – өңдеуші саланы дамыту. Тек қана өзіміз өнім өндіріп, өндесек озамыз. Көрші өзбек, қырғыз барын салып, тоқымасын тігіп, ауылшаруашылығын дамытып, көлік саласын өркендетіп және экономикасын әртараптандырып биікке өрлеп барады. Тағы қайталап айтамыз, жерасты қойнауын сарқып қазып ала берсек, сазға отырамыз. Кеш болмай тұғанда қазаққа кәделі саланы қолдап-қолпаштап, дамушы елдер санатының алдыңғы шебінде болуымыз қажет. Ойлаңызшы, Атырау, Ақтауда үш ауысымдық оқу жүйесі әлі бар. Мұнай мен газдың ортасында отырып, бай өңір бола тұра білім ошақтарымен қамтып бітпедік. Ұят-ай! Тым құрығанда инфрақұрылымды жаңартып, әлеуметтік маңызы бар нысандарды жаңартып қоюға болады емес пе?!

Егер шындап кіріссек, бірнеше жылда қасиетті отанымызды гүлдендіріп жібере аламыз. Ол үшін қазынаға түсетін табысты еселеудің жолын қарастырайық. Өңдеу өнеркәсібіне назар аударайық. Әр саланың басына білікті кадрды жауапты етейік. Қазақ елінің болашағына қызмет етейік. Сонда ғана біз болашақ ұрпақтың алдында абыройлы болып, сонда ғана есімдеріміз тарихта алтын әріппен бедерленеді.

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

АДАМДАРҒА ӨМІР СЫЙЛАЙМЫЗ

Мегаполисте жүректі емдеудің заманауи әдістері талқыланды

Қазақстандық және шетелдік жетекші сарапшылар Алматы төрінде өткен халықаралық конференцияда үдемелі жүрек қызметінің жеткіліксіздігін емдеу мәселелерін талқылады. Еліміздің, АҚШ, Түркияның және Швейцарияның кардиология, интервенциялық кардиология және кардиохирургия саласындағы білікті мамандары бас қосқан алқалы жиынды Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ, «University Medical Center» корпоративтік қоры және Қазақстан жүрек қызметінің жеткіліксіздігі қоғамы ұйымдастырды.



С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ректоры Марат Шоранов өз сөзінде созылмалы жүрек қызметінің жеткіліксіздігі проблемасы денсаулық сақтау жүйесі мен жалпы қоғам үшін аса маңызды болып отырғанын атап өтті.

«Үдемелі жүрек қызметі жеткіліксіздігін емдеуде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Жаңа дәрі-дәрмектер, инновациялық технологиялар, имплантация құрылғылары пайда болды, жүрек трансплантациясы даму үстінде. Алайда, біздің алдымызға ерте сатысында диагностика жасау, пациенттердің емделуге бейімділігін арттыру, жүрек қызметі жеткіліксіздігінің болжамын жақсарту үшін жаңа жогары технологиялық құрылғыларды енгізу сияқты маңызды мәселелер тұр», – деді Марат Едігеулы.

Ал Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ Басқарма төрағасы Марат Пашимовтың айтуынша, созылмалы жүрек қызметінің жеткіліксіздігі – жүрек-қан тамырлары ауруларының жиі кездесетін асқынуларының бірі, сонымен қатар өмір сапасының төмендеуінің

және өлім-жітім санының артуының басты себептерінің бірі. Сондықтан бұл конференция көтерген тақырып аса өзекті.

Конференция аясында секциялық отырыстар өтті. Онда қатысушылар LVAD имплантациясына пациенттер қалай іріктелетіндігін айтып, Астана, Алматы, Шымкент және Тараз қалаларындағы имплантация жасау тәжірибесімен бөлісті (LVAD тек осы қалаларда жасалады), операциядан кейінгі кезеңнің негізгі ерекшеліктерін, амбулаториялық жағдайда пациенттерді бақылау мәселелерін, сондай-ақ LVAD имплантациясынан кейін пациенттерге күтім жасаудағы мейіргерлердің рөлі және т.б. мәселелерді талқылады. Конференция жұмысына қатысқан қатысушыларға сертификаттар берілді.

Ертеңіне Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да пациенттерге кеңес беру, LVAD механикалық құрылғысын және MitraClip имплантациялау операциялары бойынша шеберлік сабақтары өтті. MitraClip – бұл

операция Алматыда алғаш рет профессор Maurizio Taramasso (Цюрих, Швейцария) басшылығымен жүргізілді. Бұл – MitraClip жүйесінің көмегімен митральды қақпақшаның эндоваскулярлық клиптеу. MitraClip – ашық хирургиялық операция жасауға болмайтын пациенттерге жүрек жұмысын жақсартудың жалғыз мүмкіндігі. Бұл аз инвазивті процедураны қолдану пациенттің қалпына келу кезеңін қысқартуға мүмкіндік береді, науқастың жағдайының жақсаруы анестезиядан шыққаннан кейін бірден сезіледі.

Айта кету керек, 2020 жылы MitraClip құрылғысы ең жақсы медициналық технология ретінде Prix Galien USA (Нобель сыйлығының баламасы) сыйлығымен марапатталған.

Халықаралық деңгейдегі бұл конференция биыл екінші мәрте ұйымдастырылды. Былтыр Шымкентте өткен болатын. Елімізде қазір 400 мыңнан астам адам созылмалы жү-

рек жеткіліксіздігінен зардап шегіп отыр. Бәріне бірдей донор жетпейді. Сондықтан жүректің рөлін атқаратын имплант аппарат яғни жасанды жүрек те науқасты аман алып қалудың төте жолы.

LVAD имплантациялау операциясы Анкара (Түркия) профессоры Umit Kervan қатысуымен СЖЖ диагнозымен жүрек қызметі төмендеген 51 жастағы пациентке жасалды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әділжан ӘЗИЗОВ,
41 жаста, дәрігерлерге дән риза
алматылық тұрғын:

Жер сілкініп
жатқанда да
операцияны
тоқтатпаған

Маған осыдан екі жыл бұрын созылмалы жүрек жеткіліксіздігі диагнозы қойылған болатын. Қатты енгізудің зардабын әбден тартып келдім. Күндіз-түні ұйқы жоқ. Жарытып ас ішу де мұң болған.

Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтының дәрігерлері сәтті операция жасап, кеудеме жүректің рөлін атқаратын имплант салып берді. Қалыпты өмірге оралғаным үшін қуаныштымын. Айтпақшы, маған операция жасалып жатқанда, Алматыда бес балдық жер сілкінісі болған екен. Қала тұрғындары сыртқа ұмтылып жатқанда, маған ота жасап жатқан ақ халатты абзал жандар жұмысын жалғастыра берген. Бұл туралы бейнежазбаның әлеуметтік желіде кеңінен таралып кеткенін кейін білдім. Дәрігерлерге алғысым шексіз.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

КӨКӨНІСТЕР ҚУАТЫ КҮШТІ



ландырады. Қандағы зиянды холестерин деңгейін төмендетеді. Қызанақ жүрек-тамыр жүйесі аурулары және анемия кезінде де пайдалы.

САРЫМСАҚ – құрамында 150-ден астам пайдалы зат бар қуатты табиғи кең спектрлі антибиотик. Ол тәнді нығайтады, қабынуға, микробқа, түрлі зендерге қарсы тұра алады. Сарымсақ иммундық жүйені күшейтіп, адамның қорғаныс күштерін айтарлықтай арттырады. Дегенмен, асқазан ауруы бар адамдарға оны шамадан тыс қолдануға болмайды.

ПИЯЗ – құрамында витаминдер мен минералдардан басқа құнды органикалық қышқылдар мен эфир майлары бар. Ол тұмау мен суық тиюге қарсы күресте таптырмас құрал. Сонымен қатар, зат алмасуды арттырады, қанды тазартады, қатерлі ісікпен күресуге көмектеседі.

БОЛГАР БҰРЫШЫ да аса пайдалы. Онда С дәрумені көп. Бұл көкөністі үнемі тұтынсаңыз, ағзаны тазалауға, ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартуға көмектеседі. Болгар бұрышының қатерлі ісікпен күресуде тиімді екендігі де дәлелденген.

ҚЫЗЫЛША – ас қорытуды және зат алмасуды жақсартады, организмнен токсиндерді кетіреді, асқазанның, бауырдың, жүрек-тамыр жүйесінің жұмысына жақсы әсер етеді.

ҚЫЗАНАҚ – ағзадағы зат алмасу процесін қалыпқа келтіреді. Бүйрек пен іштің жұмысын ынталандырады.

МӘМС

ТОҒЫЗ ЖЫЛДЫҢ АЗАБЫ АРТТА ҚАЛДЫ

Алматылық ортопедтер науқастың екі аяғын теңестірді

Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханасына 4-дәрежелі деформацияланатын артрозы және тұрақты аралас контрактурасы бар науқас түсті. Оның аяқ-қол буындары ұзақ жылдар бойы қозғалмаған. Сол аурудың азабын 9 жыл бойына тартып, оң аяғын мүлдем соза алмаған.

Иә, 4-дәрежелі артроз оның тізе буынының қалыпты жұмысына кедергі келтірген. Науқас үшін бір қадам жасаудың өзі мұңға айналыпты.

ОҚКА травматология және ортопедия бөлімінің меңгерушісі Қанат Тәуекелов науқасқа тізе буынын толық эндопротездеу отасын жасауды ұсынды. Сөйтіп, бір мезгілде артқы бұлшықет топтары босатылды, бұл аяқты толығымен түзетуге мүмкіндік берді. Күрделі ота МӘМС пакеті шеңберінде жасалды.

– Біз жұмысы бұзылған буынды жасанды буынға ауыстырдық және бір уақытта бұлшықетті шығардық, буынды бүгілген күйде ұстайтын тұрақты контрактураны жойдық. Осылайша біз аяқтың қозғалғыштығын қалпына келтірдік. Ота сәтті өтті, – дейді Қанат Тәуекелов.

Сәтті отадан соң науқас 9 жылдан кейін алғаш рет аяғын жазып, ерекше қуанды.

– Аяғым 2005 жылдан бастап ісіне бастады. Оны өз бетімше жылыту жастықшасымен қыздырдым. Өйткені, «буындар жылуды жақсы көреді» дегенді естігенім бар еді. Бірақ аяғым одан жақсармады. Ұзақ жылдар адам төзгісіз ауырсынулардан жаным қиналып кетті, тек ауырсынуды басатын дәрілермен өмір сүріп келдім. Міне, дәрігерлердің арқасында аяғымды тең басып, жаным да жадырап қалды, – дейді ота жасалған науқас.



Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

КІТАП «ПАТШАЛЫҒЫНДАҒЫ» КІЛТИПАН

Елімізде алдағы жеті жыл ішінде кітапханашылар тапшылығы 5 мыңнан асады екен

Кітапхана – руханияттың шамшырағы десек, қазіргі маман тапшылығы бұл саланы да айналып өткен жоқ. Дәл қазір еліміздегі маман тапшылығы орын алып отырған саланың бірі – осы кітапханашы мамандығы көрінеді. Нақты дерек бойынша елімізде алдағы жеті жыл ішінде кітапханашылардың тапшылығы 5 мыңнан асады екен. Бұл ретте жастар жағы көбіне жалақының аздығын алға тартып, бұл мамандыққа бара бермейді. Дегенмен, аталмыш мамандықтың мәртебесін көтеру үшін мемлекет тарапынан қолдау аз көрсетіліп жатқан жоқ.

Мәселен, биыл кітапханашы мамандығына мемлекет тарапынан бөлінетін білім грантының саны 30 пайызға артып отыр. Соған қарамастан, 2030 жылға қарай кітапхана қызметкерлерінің қажеттілігі 6987 адамға жетуі мүмкін деседі. Бұл ретте – 5226 кітапханашы, кітапхана қызметшілері – 1696 адам, кітапхана қызметшісі және 65 кітапхана жұмыскері. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін Ғылым және жоғары білім министрлігі «Кітапхана ісі, ақпараттарды өңдеу және мұрағат ісі» білім беру бағдарламаларының топтарына 100 білім беру грантын бөлген еді.

Бұған қоса, Мәдениет министрлігі өнер саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламасы аясында еліміздің мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлері үшін алыс және жақын шет елдерде біліктілігін арттыру шараларын ұйымдастыра бастады. Дәл қазір еліміз кітапханашы мамандығының мәртебесін арттыруды қолға алып отыр. Сонымен қатар, балалардың кітап оқуға құштарлығын ояту мақсатында «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыру қолға алынды.

Соңғы кездері «неге мектеп кітапханашыларын педагог лауазымына теңестірмейді?» деген мәселе жиі қозғалған еді. Осы ретте қоғамда тағы бір мәселе қылаң берді. Кітапханашылар «педагог» лауазымына теңестірілсе, «Педагог мәртебесі туралы» Заңда қарастырылған барлық нормалар, яғни біліктілік үшін аттестаттаудан өту оларға да қатысты болуы міндетті.

Басқа өңірлермен салыстырғанда Алматыдағы кітапханалардың жағдайы жақсы десе болады. Өйткені, мәдениеттің

Кітапханашы мамандығы туралы сөз еткенде, бірден жайлы жерде кітап оқып отырған адамды елестетеріңіз хақ. Шындығы сол, бәріміз осылай ойлаймыз. Бірақ бұл саланың қиындығы бір басына жетіп-артылады. Кітапты күтіп-баптау, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра қылып сақтау оңай емес. Тозығы жеткен кітапты түптеп, жыртылғанын желімдеу жағы тағы бар. Сирек кездесетін кітаптарды көздің қарашығындай сақтау да оңай емес. Тіпті, кітапханадағы кітаптарды желдетіп, оны жайып, қайта жинау кәдімгідей еңбекті қажет етеді. Қарап отырсаңыз, бұл саланың да қиындығы шаш-етектен екен. Дегенмен, ең сабырлы ұстаз саналатын кітапты оқып, оны сақтау бәрімізге ортақ міндет.



мәйегі саналатын кітапхана қала руханиятының қайнар көзі. Қаланың мәдениеті тікелей осы мекемемен байланысты деуге болады.

Мәселен, Алматы кітапханаларында бір жыл ішінде қала тұрғындары мен жастардың қатысуымен қоғам қайраткерлері, әртістер, музыканттар мен спортшылардың төрт мыңға жуық түрлі іс-шаралары ұйымдастырылады екен. Өрі қала кітапханаларында маман тапшылығы да жоққа тән. Бұл күні өз алдына «Алматы кітапханалары» деп біріккен үлкен ұйым Мемлекет басшысының

идеяларын белсенді түрде жүзеге асыруға қолдау көрсетіп отырса, қала кітапханаларының кітап қорында мол мұра сақтаулы жатыр. Оны күтіп-баптаудың жаңа тәсілдерін үйрену үшін өз саласының майталман мамандары ізденіс үстінде.

Қазіргі кезде қала кітапханалары өркениетке сай жарактандырылып, сөрелер әлемдік бестселлерлермен, барлық жастағы оқырмандардың сұранысына сай кітаптармен толықтырылған. Ең бастысы, сіз талға-мыңызға сай әдебиеттердің топтамасын табуыңызға болады. Қазіргі көрсеткіш

бойынша мұндағы кітап қоры 1 322 904-ке жеткен. Қазіргі заман талғамына сай кітапханаларда дерлік интернет желіс тартылған. Оқырмандар интернетке ақысыз ақ, яғни тегін қол жеткізе алады. Бұған қоса, кез келген кітапханаға бас сұғып, заманауи компьютерлерді пайдалана аласыз. Сонымен қатар, кітапханаларда балалар мен жасөспірімдер үшін шет тілдері, хореография мен вокал, дойбы мен шахмат, түрлі тегін үйірмелер мен секциялар бар. Сондай-ақ, Алматы кітапханалары қазіргі кезде шетелдік әріптестермен де белсенді түрде байланысып, өзара жұмыс істей бастады.

Соңғы жылдары қала кітапханаларының қызметкерлері Корея, Германия және Швейцарияда болып, іскерлік тәжірибеден өтіп қайтты. Өзге елдің озық іс-тәжірибесін үйренгеннің де пайдасы зор. Соның бірі – соңғы кездері Алматыда бірнеше кітапхана тәулік бойы қызмет көрсетуді бастады. Бірнеше қала кітапханасы модернизациядан өтіп, заманауи құрылғылармен жасақталып, жаңа технологиялар орнатылды.

Осы құрылғылардың көмегімен оқырмандар өзіне-өзі қызмет көрсете алады, бұл үшін арнайы станциялар бар. Барлық кітапханаларда жүріп-тұруы қиын жандарға жағдай жасалса, соңғы жылдары зағип және нашар көретін оқырмандарға арналған құрылғылар іске қосылып отыр.

КЕРЕК ДЕРЕК

Әлемдегі ең үлкен кітапхана АҚШ Конгресінің кітапханасы. Ол Вашингтон қаласында орналасқан. Кітапхана қорында 470 тілде басылып шыққан 38 миллионнан астам кітап бар. Мұндағы кітап сөрелерінің ұзындығының өзі 1200 шақырымды алып жатыр.

«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ» ОРТАЛЫҒЫ

ҚАРТТЫҚ ТА БІР ҚҰДІРЕТ...



Әлем халқы 1 қазан күні Халықаралық қарттар күнін атап өтсе, бізде бір ай бойы қарияларға құрмет көрсетіледі. Өйткені, біздің елімізде зейнеткерлерге қамқорлық көрсету, қарт адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту, олардың бос уақытын ұйымдастыру, шығармашылық әлеуетін дамыту және оларды қоғамның белсенді өміріне тарту – басым бағыттар болып табылады.

Сонымен, бүгінгі таңда Алматы қаласында 15 «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы жұмыс істесе, жыл бойы 7 мыңнан астам адам тіркеліп, 376 мыңнан астам түрлі қызмет көрсетіліпті. Қарттар айлығы басталысымен, аталмыш орталықтарда «Ашық есік» күні ұйымдастырылып, қарттарға қызмет көрсетілді. Өзге өңірлерге қарағанда Алматының қариялары белсенді келеді.

Содан да болар, 2022 жылы Алматы қаласы әкімінің бастамасымен қалалық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Биыл «Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының»

қарамағындағы орталықтың үш жаңа бөлімшесі ашылып, онда күн сайын 500 зейнеткерге қызмет көрсетіліп жатыр. Аталмыш орталықтардың көптеп ашылуы егде жастағы азаматтардың қоғам өміріне белсене араласып, белсенді азаматтар санының артуына, сондай-ақ олардың әлауқаты мен өмір сүру сапасының жақсаруына ықпал ететіні анық.

Алматыда ашылған орталықтарда йога, айкуне, скандинавиялық жүріс және емдік дене шынықтыру сабақтары өткізіледі. Сонымен қатар, зейнеткерлер геронтолог дәрігерлерден, психолог-кинезиологтардан, заңгерлерден кеңес алып, би, бейнелеу өнері, қолөнер, тамақтану мәдениеті бойынша

шеберлік сабақтарына, хор, шахмат және тоғызқұмалақ үйірмелеріне қатысады. Шет тілін үйренуде адам қай жасқа келсе де, кеш емес. Қазір қаланың көптеген қариялары ағылшын және қазақ тілдерін үйреніп, смартфон және компьютерлік сауаттылық курстарынан өтіп жүр. Қарияларға гарден-терапия, есте сақтау қабілетін жақсарту техникасы бойынша қызметтер көрсетіледі. Өйткені, адам жасының ұлғаюына қарай бұл өте қажет. Орталықта интеллектуалдық клубта танымал тұлғалармен кездесулер, әлем мұражайларына виртуалды экскурсиялар және қалалық экскурсиялар жиі-жиі өткізіліп тұрады.

– Қарттар айлығы аясында зейнеткерлер үшін мерекелік іс-шаралар, шығармашылық жұмыстар көрмесі, егін мерекесі өтеді. Сонымен қатар, «Асыл қазынам» ұзақ өмір сүру фестивалі өткізіліп, 500 көрермен және 150 концерт қатысушысы қамтылады. Бұған қоса, Атакентте «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының зейнеткерлерінің қолөнер бұйымдарының көрме-жәрмеңкесі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де 200–250 адамның қатысуымен «Менің жылдарым – менің байлығым» атты бал өтеді. Меніңше, Алматыда өте белсенді тұрғындар тұрады, – дейді қалалық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының басшысы Сәуле Бекетаева.

Қарттар айлығы аясында қала мұражайларында «Күзгі блюз» атты шығармашылық жұмыстарының көрмесі өз жұмысын бастап, қалалық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының қызмет алушыларының қолынан шыққан натюрморттар, пейзаждар және абстракциялар қойылды.

Қала тұрғындары «Айналайын» би ұжымы мен «Күз түстері» коллекциясының қойылымдарына тәнті болды. Түсіне білгенге қарттық та бір қасиет екен.

Бетгі әзірлеген

Рая ЕСКЕНДІР



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 4 қазан № 4/530-2036

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 3/314-524 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №3/314-524 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1 тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) «Компания Сити Строй Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Бостандық ауданы, 99 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-313-004-361), жалпы ауданы – 0,0395 га жер учаскесінің ауданы – 0,0216 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын».

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алмалы ауданының «Тен Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы құқықтық, психологиялық және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық қолдау көрсетуді жалғастыруда, қазақ және ағылшын тілдері, сондай-ақ қашықтықтан оқыту мамандықтары бойынша курстар өткізуде.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 168 А.

Телефон +7 (727) 378-88-04.

Әлеуметтік желілер: [tenqogam.almaly.2024](https://t.me/tenqogam.almaly.2024) (Telegram, Instagram, Facebook).

ҚОҒАМДЫҚ ҚОР

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен алғашқы медициналық, психологиялық және заңгерлік көмек көрсету мақсатында алкогольизмнен, нашақорлықтан және ойынға тәуелділіктен зардап шеккендермен жедел байланысуды қамтамасыз ету мақсатында «Call-орталығы» құрылғанын хабарлаймыз. 8 707 133 50 90.

Жобаны ұйымдастырушы: «Адырна» ҰЭБ» қоғамдық қоры.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен Адам саудасы бойынша қылмыстардан зардап шеккендермен жедел байланысты қамтамасыз ету мақсатында Адам саудасы бойынша қылмыстар құрбандарына бірінші дәрежелі медициналық, психологиялық көмек көрсету және оларды арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету баспаналарына қайта бағыттау үшін «Call-орталығы» қызметі құрылғанын хабарлаймыз. 8 707 774 30 60.

Жобаны ұйымдастырушы: «Адырна» ҰЭБ» қоғамдық қоры.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



ГРАНТ БЕРУГЕ КОНКУРС ЖАРИЯЛАНДЫ

Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін **гранттық қаржыландыруды ұсынуға конкурс жариялайды.**

5 млн теңгеге дейінгі мөлшердегі өтеусіз негізде мемлекеттік гранттар «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалистері болған әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне, шағын және орта кәсіпорындарға беріледі. Конкурстың жалпы бюджеті 500 млн теңгені құрайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер «Электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық формада [Kezekte.kz](http://kezekte.kz) жүйесінде 2024 жылғы 14–18 қазан аралығын қоса алғанда қабылданады.

Көрсетілген мерзімнен кейін берілген өтінімдер қабылданбайды. Портал <https://kezekte.kz/> тәулік бойы жұмыс істейді.

Байқаудың мақсаты – әлеуметтік маңызы бар жобаларды қолдау және қалада шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту.

КЕҢЕС БЕРУ ҮШІН БАЙЛАНЫС:

1. Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы: Мекенжайы: Алматы қ., Байзақов к-сі, 303, 302-кеңсе.

Телефон: +7 (727) 390-20-99, +7 (727) 390-20-69.

2. Алматы қаласының Кәсіпкерлер палатасы:

Мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғылы/қиылысы Әйтеке би көшесі, 79/71.

Телефон: +7 (727) 331-01-33, Call-center 1432.

3. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры (Алматыдағы өңірлік филиалы):

Мекенжайы: Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 8, «КОБА» бизнес орталығы, 1-қабат.

Телефон: +7 (727) 244-55-77, 244-55-66.

Дана ДӘУЛЕТҚЫЗЫ.

КӨҢІЛ АЙТУ

«Алматы ақшамы» газетінің ұжымы қарымды қаламгер, ҚР Ақпарат саласының үздігі, басылым ардагері

Зейнолла АБАЖАННЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

КИНОКЕҢІСТІК



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыда түрік фильмдерінің апталығы басталды

Қазақ пен түрік кинофильмдерінің ықпалдастығы, өзара байланысы нығайып келеді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Түркия Республикасының Мәдениет және туризм министрлігінің қолдауы және Түркияның Алматыдағы Бас консулдығының көмегімен «Йерли Дүшүнже» қауымдастығы ұйымдастырған «9-ШЫ ТҮРІК ФИЛЬМДЕР АПТАЛЫҒЫ – АЛМАТЫ» ұйымдастырылды.

Аталған жиынға Қазақстан мен Түркия киногерлері, режиссерлер, сарапшылар, кино майталмандары, көрермендер және т.б. қатысты.

Кинофильм апталығына қатысушылар өз ой-пікірлерін ортаға салды.

«Кино саласында деректі фильмдер түсіріп келеміз. Түркияға жалпы кино фестивальдерге қатынасудамыз. Үлкен халықаралық аламандарға қатысу арқылы актер, режиссерлер шыңдала түседі. Мұндай іс-шаралар елімізге тәжірибелік тұрғыда пайдалы», – деді тележурналист әрі деректі фильм түсіруші Нұрлан Асқарұлы.

Аталған іс-шараның қазақ-түрік мәдени байланыстарын нығайтуға тигізер ықпалы көп екені анық. Бұл туралы Алматы қаласы мәдениет басқармасы басшысы орынбасарының міндетін атқарушы Арман Халбеков айтты.

«Өзім бұл іс-шараға үшінші жыл қатарынан келіп қатысып отырмын. Түркияның туристік әлеуеті зор. Ал туристерді тартуда кино саласының алар орны ерекше. Сондықтан бізде де қазақ киносы дами берсін. Соның нәтижесінде бізге келушілер, саяхаттаушылар қатары артады деп сенеміз. Бауырлас елмен мәдени байланыстардың дамуы қуантады», – деді ол.

КЕЗДЕСУ

«БАЛҚАШ ЖОЛБАРЫСЫ»

Ұлттық ұланға қонаққа келді



Құқықтық тәртіп әскерінде сарбаздардың қоғам қайраткерлерімен, белгілі тұлғалармен, атақты спортшылармен кездесуі дәстүрге айналған. Алматыдағы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығындағы ұландық жауынгерлер бұл жолы тәуелсіз Қазақстанның алғашқы олимпиада чемпионының бірі – «Балқаш жолбарысы» Василий Жировпен жүздесті.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

1996 жылғы Атланта олимпиадасының чемпионымен кездесу 5571 әскери бөлімінде өтті. Оған 300-ден аса сарбаз қатысты.

Балқаш жолбарысы биік белестерді бағындыру жолында талай кедергілер мен қиындықтарға тап болғанын, тек ерен еңбектің арқасында бәрін еңсере білгенін әсерлі әңгімеледі. Биік армандарға жету жолдарымен бөлісіп, салауатты өмір салтын ұстануға да шақырды. Сарбаздар тарапынан қойылған сауалдар да жауапсыз қалмады. Олимпиада чемпионы ұландық сарбаздарға өзінің қолтаңбасы қойылған боксерлік қолғабы мен фотосуреттерін естелікке тарту етті.

– Жировтың әңгімесін зейін қойып тыңдаған сарбаздар ерекше рухтанып, бұл кездесуден үлкен әсер алғанына сенімдімін. Василий Жиров – халқымыздың мақтанышы, өзінің еңбегімен және табандылығымен әлемнің спорт аренасында Қазақстан туын желбіреткен спортшы. Вел Баркер кубогының иегерін шақырудағы мақсатымыз – сарбаздар арасында салауатты өмір салтын насихаттау. Болашақта шың басына шыққысы келетін сарбаздарға аға буын өкілдерінің осындай ақыл-кеңесі ешқашан артық етпейді. Керегін түртіп алып, қажетіне жаратады. Сондықтан біз бұл игі дәстүрді жалғастыра береміз, – дейді «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар басқармасының бастығы, подполковник Арман Сейітов.


Кездесу соңында чемпион сарбаздармен естелік фотоға түсті.

ТҰЛҒАТАНУ

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Танымал тарихшыға ескерткіш-тақта орнатылды

Алматыда ҚР Ұлттық академиясының академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбектің туғанына тоқсан бес жыл толуы қарсаңында салтанатты түрде тарихшы тұрған Пушкин көшесі, 129-үйдің қабырғасына ескерткіш-тақта қойылды.



Айнабай
МӘДИ

«Академик М.Асылбек – қатардағы тарихшы ғана емес, танымал тарихшы-ғалым. Ол кісінің өмірі мен қызметі, еңбегі мен мұрасы талай отандасымызға үлгі-өнеге. Оның еңбектері отандық тарихтың дамуының тұтас бір дәуірлерімен үндес келеді. Мәлік-Айдар ағамыз бір-бірімен сәйкес келе бермейтін екі тарихи дәуірге қарқынды ғылыми үн қосқан ғұлама ғалым. Ол Қазақстанның іргелі тарих ғылымына елеулі еңбек сіңірген, тәуелсіз еліміздің тарихында батыл қадамдарға барған, әлденеше ауқымды да сапалы әдістемелік еңбегін қалдырған адам. Оның іргелі тарих ғылымына сіңірген еңбегін ешуақытта ұмытпаймыз. «Тұтас ғылым дағдарысқа ұшырады» деп жүрген бүгінгі шақта тарих тәрізді іргелі ғылымға деген сұраныс мол. Осы тұста М.Хантемірұлының еңбегі ересен. Мұндай тарихи маңызды мұралар өлмейді, жаңғыра берсін», – деді акберен академикпен отыз жыл бірге қызмет еткен тарих ғылымының докторы, профессор Саттар Мәжитов.

Академиктің ғылымға сіңірген ерен еңбегі дәл осы күні өткен ғылыми-практикалық конференцияда кеңінен талқыланып, бағаланды. Қалалық әкімдік те бірқатар шара өткізіп, ғалым ғибратын парықтады. Ғалым соңынан талай талантты шәкірт тәрбиелеп, бірталай ғылым кандидаты мен докторларын қанаттандырды. Тарихта жоқтан бар пайда болмайды, бар нәрсе жоғалып кетпейді. «Үш қайнаса, сорпасы қосылмайтын» тарихи ке-

зеңдерде өмір сүрсе де, іргелі ғылымның ірі өкілі Мәлік-Айдар ағамыздың сабырлы сабағын күнделікті өмірімізде қажетімізге жара-тып, игілігімізге пайдаланудамыз.

Ғылым академиясында ерекше тұлғамен бірге еңбек еткен әріптестері Мәлік ағаның жай ғылым адамы емес, өмірін тарихпен ұштастырған ақ-адал азамат екендігін баса айтты. Сонау 60-жылдары Мәкең ғылым жолын алдымен жұмысшы таптың тарихын зерттеуден бастаған болатын. Мәлік аға еңбегі еліміз тәуелсіздік алған тұста Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихымен тығыз байланысты болды. Оның ішінде демографиямыздың дамуы, ел-жұртымыздың өркендеуі басты нысанада еді. Мәлік Хантемірұлы 20–30 жылдардағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына баса назар аударды. Жеке басқа табыну, тоталитарлық тәртіптің қуғын-сүргін саясатына тарихи дәлел-дәйекпен келді.

Ғалым М.Хантемірұлы Ақай Нүсіпбеков мен Анна Панкратова тәрізді белгілі тарихшылардың өмір жолына, еңбектеріне айрықша тоқталғанын айта кету ләзім. Салтанатты шара кезінде сөз сөйлеген тарихшы қауым танымал тарихшының азаматтық ұстанымы мен ғылым жолындағы сан қырлы еңбегін саралап тұрып айтты. Ол рас, біздің дәуіріміздің өткен-кеткенін дәлел-дерекпен сараптап жазатындар да солар, тарихшы қауым. Бүгінгі кезімізді де жазатын да, болашаққа да өсиетпен тағылым қалдыратын да тарихшылар. Олай болса, осындай тұлғаларға қоғам мен билік тарапынан көңіл бөлінуі маңызды саналады. Естен кетпес ескерткіш-тақта да соның бір белгісіндей.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.